

ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ


ISSN 1996-2029

№ 1 (169)
2021

ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

www.kadry.mcfr.kz

- ХАТШЫҒА АРНАЛҒАН ЛАЙФХАК:
ҚҰЖАТТАРДЫ БЕКІТУГЕ УАҚЫТТЫ
ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕУ КЕРЕК
- ҚҰЖАТТАРҒА КӨМІЛІП ҚАЛМАУ
ҮШІН ОЛАРДЫ ҚАЛАЙ ТІРКЕУ КЕРЕК:
ІСКЕР АДАМНАН ҮШ ТИІМДІ ҚАҒИДА
- ҰЙЫМНЫҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ (ЖЕКЕ)
АРХИВІНІҢ АНЫҚТАМАЛЫҚ
АППАРАТЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ НЕДЕН ТҰРАДЫ?
- ЛАЙФХАК ДЛЯ СЕКРЕТАРЯ:
КАК ЭКОНОМИТЬ ВРЕМЯ
НА УТВЕРЖДЕНИИ ДОКУМЕНТОВ
- КАК РЕГИСТРИРОВАТЬ ДОКУМЕНТЫ,
ЧТОБЫ НЕ ЗАКОПАТЬСЯ В НИХ:
ТРИ ЭФФЕКТИВНЫХ ПРАВИЛА
ОТ ПРАКТИКА
- ИЗ ЧЕГО СОСТОИТ СИСТЕМА НАУЧНО-
СПРАВОЧНОГО АППАРАТА
ВЕДОМСТВЕННОГО (ЧАСТНОГО)
АРХИВА ОРГАНИЗАЦИИ



Электронная система «ACTUALIS: Кадровое дело»

Получите демо-доступ **БЕСПЛАТНО**
на сайте vip-kadry.mcfr.kz



МЦФЭР-Казахстан

НОВОЕ в электронной системе:

- Надо ли оплачивать суточные за однодневную командировку?

Подпишитесь на комплект
«ОБРАЗЦОВЫЙ ОТДЕЛ КАДРОВ»

из трёх предложенных электронных журналов

**«Справочник кадровика.
Казахстан»**

**«Кадры и делопроизводство.
Вопросы и ответы»**

**«Делопроизводство
в Казахстане»**

**по СПЕЦИАЛЬНОЙ
ЦЕНЕ**

Период действия акции:
с 1 по 31 января 2021 года

Подробнее на нашем портале:
<https://kadry.mcfr.kz/cenopad>

Собственник: ТОО «МЦФЭР–Казахстан»
Генеральный директор – Т. С. Бектурсынова

ТОО «МЦФЭР–Казахстан»

Редакция тематического направления
«ОХРАНА ТРУДА, КАДРЫ
И ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО»

Руководитель тематического направления –
С. Е. Сергеев
head.kadry@mcfr.kz

Главный редактор журнала –
А. С. Ким
kadry-otk2@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)

Редактор по работе с авторами –

И. В. Пильгук

Литературный редактор-переводчик

текстов на казахский язык – К. О. Исламова

Руководитель отдела допечатной

подготовки – А. Х. Дербесова

Дизайнер-верстальщик – В. Ю. Чукунова

Адрес редакции: 050009, г. Алматы,
ул. Шевченко, уг. ул. Радостовца, 1656/72г,
офис 712

тел.: +7 (727) 323-62-29 (вн. 116)

Отдел маркетинга

Ведущий бренд-менеджер – Н. П. Волосатых,

bm2@mcfr.kz

тел. +7 (727) 323-62-29 (вн. 134)

Отдел адресной подписки и сбита

тел./факс: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13

e-mail: sbyt@mcfr.kz, info@mcfr.kz

Менеджер по работе с клиентами –

Д. А. Тойчибеков

sb1@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 127)

Менеджер по работе с клиентами –

Г. Е. Жантукеева

support@mcfr.kz

тел.: +7 (727) 323-62-12, 323-62-13 (вн. 130)

Подписку можно оформить:

- по online-заявке – www.kadry.mcfr.kz
- в редакции, в отделе адресной подписки
- по каталогам (подписной индекс – **75385**)
– «Казпочта»: почтовые отделения
– «Евразия-пресс»: тел. +7 (727) 382-34-87
– «Эврика-пресс»: тел. +7 (727) 375-12-65

Свидетельство о постановке на учёт
периодического печатного издания
и информационного агентства № 15567-Ж
от 18.09.2015 выдано Министерством
по инвестициям и развитию Республики
Казахстан. Комитет связи, информатизации
и информации.

Мнение редакции может не совпадать
с мнением авторов.

Перепечатка материалов, опубликованных

в журнале, допускается только

с письменного согласия редакции.

Представленные тексты нормативных

правовых актов идентичны официально

опубликованным версиям.

Редакция не несёт ответственности

за содержание рекламных материалов.

PR-материал публикуется на правах рекламы.

Претензии по опубликованной рекламе

принимаются в течение 10 календарных

дней со дня выхода номера.

Подписано в печать 31.12.2020.

Формат 84×108^{1/16}. Тираж 5 000 экз.

Печать офсетная. Бумага офсетная.

Заказ № _____ Цена договорная.

ТОО «МЦФЭР–Казахстан». Юридический адрес:

050009, г. Алматы, ул. Шевченко,

уг. ул. Радостовца, 1656/72г, офис 712.

Отпечатано в соответствии

с представленными материалами

в типографии ТОО «Print House Gerona»,

ул. Сатпаева, 30а/3, офис 124.

Тел.: +7 (727) 250-47-40, 398-94-60

© ТОО «МЦФЭР–Казахстан», 2021

ҚАЗАҚСТАНДА ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ

№ 1 (169) 2021

ДЕЛОПРОИЗВОДСТВО В КАЗАХСТАНЕ

Құрметті оқырмандар!

Издаётся с января 2007 года
Периодичность – 1 раз в месяц

Қыста не істеуге болады, әсіресе жаңа жылдық мерекелерден кейін? Есіңізді жиыңыз, жаңа жоспарлар құрыңыз, келешегіңіз бен мүмкіндіктеріңізді ашыңыз, жарқын, ұмытылмас және әдемі өмір сүруге үйреніңіз. Мұның бәрі жұмыс туралы да. Біздің қалауымыз мықты. Биылғы жаңа және қызықты 2021 жылды неден бастауды ұсынамыз?

Ең алдымен қандай құжаттар бекітілуге жататынын, сондай-ақ құжатты және бекіту әдістерін қалай дұрыс ресімдеу керектігін талдаймыз.

Содан кейін құжаттардың астында көміліп қалмау үшін оларды қалай дұрыс тіркеу керектігін түсіндіреміз.

Одан басқа, біреуге ақталып, ұялу сезімін жасырғымыз келгенде не болатыны туралы айтып береміз? Сонымен қатар өзіңізге көңіліңіз тола ма, соны білу үшін қызықты психологиялық тесттен өтуді ұмытпаңыз. Мүмкін сізді тосын сый күтіп тұрған шығар, ал оның жағымды немесе жағымсыз болуы толығымен сіздің жауаптарыңызға байланысты.

Соңында бизнес-кейстің шешімін тауып, «Қазақстанда іс қағаздарын жүргізу» журналының жұлдесін ұтып алыңыз.

Мақалаларға берген бағаларыңыз бен жазған пікірлеріңіз үшін алғысымызды айтамыз. Олар біз үшін өте маңызды!

Сіздерге қолайлы болу үшін журнал баспа және электрондық форматтарда шығады. Журналға www.e.delopro.mcfr.kz сайтында жазылуға болады. Сондай-ақ www.vip-kadry.mcfr.kz сайтында қолжетімді біздің «ACTUALIS: Кадровое дело» жүйемізге кіріңіздер, онда өздеріңіз үшін өзекті және пайдалы ақпаратты көбірек табасыздар.

*Алла Ким, бас редактор,
e-mail: kadry-otk2@mcfr.kz*

Уважаемые читатели!

Что можно делать зимой, особенно после новогодних праздников? Приходить в себя, строить новые планы, открывать свои перспективы и возможности, учиться жить ярко, забывать и красиво. Это всё и о работе тоже. Мы испытываем вместе с вами такие же сильные желания. С чего мы предлагаем начать этот новый и насыщенный 2021 год?

В первую очередь подробно разберём, какие документы подлежат утверждению, а также рассмотрим, как правильно оформить документ и способы утверждения.

Затем разясним, как регистрировать документы, чтобы не допустить хаоса.

Кроме того, расскажем, что происходит, когда мы пытаемся оправдаться и подавить в себе чувство стыда? И не забудьте пройти интересный психологический тест, чтобы понять, довольны ли вы собой. Возможно, вас ждёт сюрприз, а приятный он будет или нет, целиком и полностью зависит от ваших ответов.

И в заключение попробуйте найти решение для бизнес-кейса и выиграть приз от журнала «Делопроизводство в Казахстане».

Спасибо вам за оценки и комментарии к статьям. Для нас они очень важны!

Обратите внимание, что для вашего удобства журнал выходит в печатном и электронном форматах. Оформить подписку на них можно на сайте www.e.delopro.mcfr.kz. В электронной системе «ACTUALIS: Кадровое дело», доступной на сайте www.vip-kadry.mcfr.kz, размещено ещё больше актуальной и полезной информации.

*Алла Ким, главный редактор,
e-mail: kadry-otk2@mcfr.kz*

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

А. Ж. Қарымсақов

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Орталық мемлекеттік архиві» РММ директоры

Ә. Н. Нысанбаев

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтының академик-хатшысы, Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор

В. П. Стремский

Мемлекеттік және жергілікті басқару институтының бірінші вице-ректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Т. Н. Тойбаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыстық жазба архиві» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры

З. Б. Агибетов

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысы

Р. С. Шимашева

Алматы қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы

А. А. Адельгужин

құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды архивтік сақтау жөніндегі сарапшы, Алматы қ.

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

А. Ж. Карымсаков

директор РГУ «Центральный государственный архив» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

А. Н. Нысанбаев

академик-секретарь Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, академик НАН Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор

В. П. Стремский

первый вице-ректор Института государственного и местного управления, кандидат исторических наук, профессор

Т. Н. Тойбаев

директор Республиканского государственного учреждения «Центральный государственный архив кинофотодокументов и звукозаписей» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан

З. Б. Агибетов

руководитель Департамента Комитета труда, социальной защиты и миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан по Алматинской области

Р. С. Шимашева

руководитель управления по развитию языков, архивов и документации акимата г. Алматы

А. А. Адельгужин

эксперт по документированию, управлению документацией и архивному хранению документов, г. Алматы



«Альтаир»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

Эмблемасы,
логотип,
тауар белгісі
(қызмет көрсету
белгісі)

Товарищество
с ограниченной
ответственностью
«Альтаир»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 05 қаңтар
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 14-Ж/Қ
город Нур-Султан

Жұмысқа қабылдау туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің 34-бабына және Еңбек шартының талаптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Иванова Любовь Владимировна, 26.05.1974 т. ж., 2021 жылғы 5 қаңтардан бастап 200 000 (екі жүз мың) теңге жалақымен штат кестесіне сәйкес толық жеке материалдық жауаптылықпен сату бөлімінің менеджері лауазымына қабылдансын. Сынақ мерзімі 2021 жылдың 05 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 05 сәуіріне дейін белгіленсін.

Негіз: 2021 жылғы 05 қаңтардағы № 07/2021 еңбек шарты.

Директор

Қанапияқызы

З. Қанапияқызы

М. О.

Бұйрықпен таныстым:

Иванова

Л. Иванова

2021 жылғы 05 қаңтар



ОБРАЗЕЦ ПРИКАЗА О ПРИЁМЕ НА РАБОТУ



«Альтаир»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

Эмблема,
логотип,
товарный знак
(знак
обслуживания)

Товарищество
с ограниченной
ответственностью
«Альтаир»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

05 января 2021 года
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 14-Л/С
город Нур-Султан

О приёме на работу

В соответствии со статьёй 34 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V и условиями трудового договора **ПРИКАЗЫВАЮ:**

Принять Иванову Любовь Владимировну, 26.05.1974 г. р. на должность менеджера по продажам в отдел сбыта с полной индивидуальной материальной ответственностью с 05 января 2021 года с окладом 200 000 (двести тысяч) тенге согласно штатному расписанию. Установить испытательный срок с 05 января 2021 года по 05 апреля 2021 года.

Основание: трудовой договор от 05 января 2021 года № 07/2021.

Директор

Қанапияқызы

З. Қанапияқызы

М. П.

С приказом ознакомлен(-а):

Иванова

Л. Иванова

05 января 2021 года



Келесі нөмірден
оқитындарыңыз:

- ▶ Пандемия жағдайында халықаралық іскерлік хат алмасу әдебін қалай сақтау керек
- ▶ Үміткермен сұхбат құру: тексерілген бес қадам
- ▶ PowerPoint деген не және бағдарламаны қалай қолдану керек?

Шартты белгілер



ІС ҚАҒАЗДАРЫН ЖҮРГІЗУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

Ш. Әбдіғалиқызы

Хатшыға арналған лайфхак: құжаттарды бекітуге уақытты қалай үнемдеу керек 8

Н. Григорьева

Құжаттарға көміліп қалмау үшін оларды қалай тіркеу керек: іскер адамнан үш тиімді қағида 22

АРХИВ ІСІ

А. Адельгужин

Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің ғылыми-анықтамалық аппаратының жүйесі 31

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

А. Тыналин

«Несие шартын жасаймыз» кейсі 41

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРАКТИКУМ

А. Верещагина

Ұят бізді қалай басқарады 44

КӘСІБИ СЕРГІТУ СӘТІ

А. Верещагина

Тест: Өзіңізге көңіліңіз тола ма? 47

СҰРАҚ – ЖАУАП


Н. Маликова

Бас директормен еңбек қатынастары: шартты қалай ұзарту немесе жұмыстан қалай босату керек? 50

Читайте
в следующем номере:

- ▶ Как в условиях пандемии соблюдать этикет международной деловой переписки
- ▶ Как выстроить интервью с кандидатом: пять проверенных шагов
- ▶ Что такое PowerPoint и как использовать программу?

Условные обозначения



ПРАКТИКУМ ПО ДЕЛОПРОИЗВОДСТВУ

Ш. Әбдіғалиқызы

Лайфхак для секретаря: как экономить время на утверждении документов 52

Н. Григорьева

Как регистрировать документы, чтобы не закопаться в них: три эффективных правила от практика 66

АРХИВНОЕ ДЕЛО

А. Адельгужин

Из чего состоит система научно-справочного аппарата ведомственного (частного) архива организации 75

ШКОЛА ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА

А. Тыналин

Кейс «Составляем договор ссуды» 85

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПРАКТИКУМ

А. Верещагина

Как нами управляет стыд 88

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ РАЗМИНКА

А. Верещагина

Тест: Довольны ли вы собой? 91

ВОПРОС – ОТВЕТ

Н. Маликова

Трудовые отношения с генеральным директором: как продлить договор или уволить? 94



ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ҚЫСҚАРТУЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

ҚРЕК – Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексінің *(2021.01.01 берілген өзгерістермен және толықтырулармен)*

Құжаттама жасау қағидалары – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары *(2020.30.11 берілген өзгерістермен және толықтырулармен)*

ҚР СТ 1037-2001 – ҚР СТ 1037-2001 «Мемлекеттік іс қағаздарын жүргізу және архив ісі. Терминдер мен анықтамалар» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарты, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігі Стандарттау және сертификаттау комитетінің 2001 жылғы 14 мамырдағы № 140 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген

НОРМАТИВНЫЕ ПРАВОВЫЕ АКТЫ



СПИСОК СОКРАЩЕНИЙ, ИСПОЛЬЗУЕМЫХ НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ

ТК РК – Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V *(с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2021)*

Правила документирования – Правила документирования, управления документацией и использования систем электронного документооборота в государственных и негосударственных организациях, утверждённые постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 703 *(с изменениями и дополнениями от 30.11.2020)*

СТ РК 1037-2001 – Государственный стандарт Республики Казахстан СТ РК 1037-2001 «Делопроизводство и архивное дело. Термины и определения», утверждён и введён в действие приказом Комитета по стандартизации и сертификации Министерства экономики и торговли Республики Казахстан от 14 мая 2001 года № 140

Ш. Әбдіғалиқызы,
іскерлік әкімшілік магистрі, нұсқаушы-тренер,
Алматы қ.



Хатшыға арналған лайфхак: құжаттарды бекітуге уақытты қалай үнемдеу керек



Латын тілінен аударылған құжаттың бір мағынасы – дәлелдеу. Сондықтан мәтіндегі әр әріптің, тіпті оның жазылу тәсілінің мәні бар. Әйтпесе, құжат заңдық күшін жоғалтады. Құжатпен жұмыс істеуді білмейтін адам үшін бұл үш белгісізбен тапсырма. Бірақ кәсіби мамандар да қателеседі. Егер сіздің қолыңызда ресімдеудің дұрыс қағидалары болса және сіз құжаттарды қалай бекіту керектігін білсеңіз, қателіктерді болдырмауға болады. Мақалада құжаттарды қалай дұрыс ресімдеу керектігін, қандай құжаттар бекітілуге жататынын айтамыз, сонымен қатар бекіту әдістерін егжей-тегжейлі қарастырамыз.



Ресми құжаттың міндетті деректемелері

Ресми құжатты ресімдеу үшін сіз заңдық маңызы бар қажетті мәліметтерді нақты білуіңіз керек. Олар:

1. Ұйымның – құжаттың авторының ресми атауы.
2. Құжат түрінің атауы (бұйрық, акт, куәлік және т. б.).

3. Құжаттың жасалған күні.
4. Құжаттың тіркеу нөмірі.
5. Құжатты бекіту грифі (бекітілуге жататын).
6. Мәтін.
7. Қолтаңба.
8. Мөр.

Осы мәліметтердің кем дегенде біреуін қамтымайтын құжаттар ресми құжаттар болып саналмайды. Көбіне олар өкімдік құжаттарға негіз болады, анықтамалық және ақпараттық маңызы бар (хабарламалар, қызметтік және баяндау жазбалар, хаттар, ақпараттық материалдар және т. б.)

Бекіту грифі

Ресми құжат деректемелерінің бірі бекіту грифі болып табылады. Ол құжатқа нормативтік құқықтық сипаттағы мәртебе береді. Яғни, құжатты қолданысқа енгізу үшін, оның мазмұнына заңды күш беру және оның күшін белгілі бір адамдар шеңберіне тарату үшін құжат бекітілуге тиіс. **Құжатты бекітудің екі әдісі бар:**

1. Лауазымды тұлға бекітеді (ұйымның бірінші басшысы немесе уәкілетті адам).
 2. Арнайы шығарылған өкімдік құжатпен (қаулымен, шешіммен, бұйрықпен, өкіммен, хаттамамен) бекітіледі.
- Құжатты бекітудің екі әдісі де бірдей заңдық күшке ие.

Құжатты бекіту грифін қалай ресімдеу керек

Құжатты бекіту грифі құжаттың бірінші парағының оң жақ жоғарғы бұрышында орналастырылады және кіші әріптермен ресімделеді.

Құжатты нақты лауазымды адам бекіткен кезде бекіту грифі мынадай элементтерден тұрады: «БЕКІТЕМІН» деген сөз, лауазымның атауы, қолтаңбасы, қолтаңбаның толық жазылуы және бекіту күні (*1-қосымша*).

Құжатты лауазымдары тең екі немесе одан көп адам бекіткен кезде бекіту грифтері ұйымдар атауларының әліпбилік тәртібімен бір деңгейде орналастырылады.

Құжат қаулымен, шешіммен, бұйрықпен, хаттамамен бекітілген кезде бекіту грифі «БЕКІТІЛДІ» деген сөзден, көмектес септігіндегі өкімдік құжаттың түрінен, оның күні мен нөмірінен тұрады (*2-қосымша*) (Құжатама жасау қағидаларының 33-тармағы).

Құжатқа қол қойылған (бекітілген) дата немесе құжатта тіркелген оқиғаның датасы құжаттың датасы болып табылады (Құжатама жасау қағидаларының 21-тармағы).

Құжатты басқа, арнайы шығарылған құжатпен қалай бекітуге болады

Құжатты басқа, арнайы шығарылған құжатпен бекітетін жағдайлар болады. Әдетте, бұл әдіс бекітілетін құжатты қолдану және орындау туралы қосымша түсініктемелер қажет болған жағдайда қолданылады. Мысалы, Ұйымдағы іс қағаздарын жүргізу қағидаларын бұйрықпен бекітеді. Кез келген ұйымда осы бұйрықты және сәйкесінше Іс қағаздарын жүргізу қағидаларының өзін жұмыскерлердің назарына жеткізу, сондай-ақ оларды Қағидалармен таныстыру үшін уақыт қажет. Сондықтан бұйрыққа қол қою, Іс қағаздарын жүргізу қағидаларын бекіту және қолданысқа енгізу күндері әртүрлі болуы мүмкін, оны бұйрықта көрсетеді. Сондай-ақ, бұйрықта Іс қағаздарын жүргізу қағидалары мен бұйрық жеткізілетін жұмыскерлердің тізімі және ол орындалуға тиіс мерзім көрсетіледі. Бұйрықта әдетте бұйрықтың орындалуын бақылайтын жұмыскерлердің толық аты-жөні көрсетіледі. Егер мұндай тұжырымдар болмаса, онда бұйрықтың орындалуын бұйрыққа (өкімге) қол қойған лауазымды адам бақылайды.

Осылайша, қандай да бір құжатты бекіту үшін өкімдік құжатты шығару қажетті түсіндірмелер беріп қана қоймай, сонымен бірге бекітілген құжаттың өзіне емес, оны қалай тиімді жүзеге асыруға болатындығын реттеуге мүмкіндік береді (3-қосымша).



ЕСКЕРЕ ЖҮРІҢІЗ

Құжатты арнайы шығарылатын өкімдік құжатпен бекіту кезінде бекітілген құжат осы өкімдік құжатқа қосымша болып табылатындығын ескеру қажет. Сондықтан бекітілетін құжатты өкімдік актіге қосымша ретінде ресімдейді.

Бұл жағдайда «Қосымша» деректемесі «№» белгісі қойылмай, ресімделеді. Себебі «№» белгісі қосымшалардың тіркеу нөмірі бар екенін және арнайы бөлек журналда тіркелгенін білдіретін болады (4-қосымша). Сондай-ақ, құжатты өкімдік актімен бекітудің деректемесі бекіту грифімен ресімделуі мүмкін (5-қосымша). Есіңізде болсын, өкімдік құжатпен бекітілген құжаттың сілтемесі қолданылатын құжаттың мәтінін жасаған кезде оның деректері әрдайым көрсетіледі. Оларсыз бекітілген құжаттың заңдық күші болмайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 929 бұйрығымен бекітілген «Еңбек кітапшаларын жүргізу және сақтау қағидаларын» орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Сүлейменова Клара Асқарқызы, кадрлар бөлімінің маманы, қызметкерлердің еңбек кітапшаларын есепке алу, жүргізу, сақтау және беру үшін жауапты болып тағайындалсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау кадрлар бөлімінің бастығы Абдиева Айман Ғалымбекқызына жүктелсін.



МЫСАЛ

Өкімдік құжаттар оларға қатысты қосымшаларымен бірге түріне және хронологиясына қарай бір іске топтастырылады. Өкімдік құжаттармен бекітілген нұсқаулықтар, қағидалар, ережелер, жарғылар оларға қосымша болып табылады және көрсетілген құжаттармен бірге топтастырылады. Егер олар жеке құжат ретінде бекітілсе, онда олар жеке іске топтастырылады (Құжаттама жасау қағидаларының 161-тармағы)

Бірінші басшы бекітетін құжаттар

Егер құжатты бірінші басшы бекітетін болса, онда ол тәуелсіз құжат ретінде қолданылады.

Бірінші басшының қолтаңбасы қойылмаған құжаттарды бекіту қажет. Әңгіме оларды дайындаған ұйымның уәкілетті жұмыскерлері қол қоятын құжаттар туралы болып отыр. Бұл жұмыскерлердің қолтаңбасы ұйымның ресми мөрімен расталмайды. Ал мөрсіз құжаттың заңдық күші болмайды. Сондықтан, бұл құжаттарға заңды күш беру үшін оларды бекіту қажет, өйткені бекіту грифін ресімдеу кезінде бірінші басшы жеке қолтаңбасын қояды, ол ресми мөрмен куәландырылады. Енді бекітілген құжатта оған заңдық күш беретін барлық деректемелері бар.

Сыртқы ұйымдарға жіберілетін бұйрықтар, нұсқаулар, хаттар бекітілмейді. Оларға бірінші басшы қол қояды және оның қолтаңбасы ұйымның ресми мөрімен расталады.

Қандай құжаттарды бекіту керек?

Кез келген ұйымда ішкі жергілікті актілерді бекітуге тиіс Құжаттар тізбесі (*бұдан әрі – Тізбе*) болуға тиіс.

Әдетте ол Іс қағаздарын жүргізу қағидаларында ұсынылады.

Тізбеге мыналар кіреді:

1. Нормативтік құқықтық актілер.
2. Актілер (тексерудің және ревизияның; құрылысы аяқталған объектілерді, жабдықты қабылдап алудың; есептен шығарып тастаудың; сарапқа салудың; істерді басқа біреуге берудің; ұйымдарды, мекемелерді, кәсіпорындарды, т. б. жою актілері).
3. Баланстар (бухгалтерлік, тарататын, бөлетін, отындық, энергетикалық).
4. Ведомостар (еңбекақы бойынша, тарифтеу).
5. Кестелер (кезекшілік, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстардың орындалуы, объектілерді пайдалануға қосу, қысқы кезеңге дайындықтар).
6. Шарттар (материалдық-техникалық жабдықтауға, жұмыс өндірісі туралы, үй-жайларды жалға алу туралы, жеткізімдер туралы, мердігерлік туралы, ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы,

халықаралық ынтымақтастық туралы, материалдық жауаптылық туралы, шаруашылық).

7. Тапсырмалар (жоғары тұрған органдардың, техникалық, объектілерді, техникалық құрылысты жобалауға, күрделі құрылысқа, ғылыми-зерттеу, жобалық-конструкторлық және технологиялық жұмыстар жүргізуге).

8. Нұсқаулар (лауазымдық, лауазымдық міндеттерді бөлу жөніндегі, іс жүргізу жөніндегі, техникалық қауіпсіздік жөніндегі, жұмыстың технологиясы жөніндегі).

9. Ұйым қызметінің барлық түрлерін қаржыландыру жөніндегі лимиттер (лимиттік анықтамалар).

10. Номенклатуралар (ұйым істерінің, лауазымдардың, өндірілген өнімнің, тауарлардың, көрсетілген қызметтің).

11. Нормативтер (шикізаттың, материалдардың, электрқуаты шығындарының, технологиялық жобалау, жұмыскерлер санының).

12. Іс тізімдемелері.

13. Есептер (өндірістік қызмет туралы, ғылыми, іссапарлар туралы).

14. Паспорттар (ұйымдардың, ғимараттардың).

15. Тізбелер (қызметкерлер лауазымының, ұйымдардың, сақтау мерзімдері көрсетілген үлгілік құжаттар, сақтау мерзімдері көрсетілген салалық, ведомстволық құжаттар).

16. Жұмыс жоспарлары (тоқсандық, жарты жылдық, жылдық, перспективалық, стратегиялық, индикативтік).

17. Ережелер (ұйымдар туралы, құрылымдық бөлімшелер, лауазымды тұлғаның құқықтары мен міндеттері туралы, сыйлықақы беру туралы).

18. Қағидалар (ішкі еңбек тәртіптемесінің, пайдалану, жұмыс, технологиялық).

19. Баға және қызмет көрсетудің прејскуранттары.

20. Бағдарламалар (дамыту, стратегиялық, қысқа мерзімдік, өндірістік-техникалық, мақсаттық, жұмыстарды және шараларды өткізу, ғылыми, оқу).

21. Хаттамалар (комиссиялардың, кеңестердің).

22. Кестелер (оқудың, семинарлардың, емтихандардың, сынақтардың, көлік қозғалысының).

23. Штат кестесі және оған өзгерістер.

24. Штатты орналастыру және оған өзгерістер.

25. Есеп айырысулар (техника-экономикалық көрсеткіштердің, сметаларға, техникалық нормативтердің, материалдарға және шикі заттарға қажеттілік, экономикалық тиімділіктің).

26. Баға (тауарға, қызмет көрсетуге, жұмыс өніміне).

27. Регламенттер (халықаралық кездесулер, ұйымның алқалы органдарының жұмыстары, есепке алу).

28. Ұсынымдар (әдістемелік, ғылыми-әдістемелік).

29. Шешімдер (комиссиялардың, кеңестердің).

30. Кестелер (тарифтік-кәсіби біліктілік, оқу пәндері жөніндегі сағат кестелері).

31. Шығын сметалары.
 32. Тізімдер (ұйым қызметкерлерінің, аттестациялық және біліктілік комиссиясының, титулдық, құрылыстардың).
 33. Тарифтік-мамандық ставкалары.
 34. Құрылымдар (салалық, ведомстволық, ұйым).
 35. Сұлбалар (көлік қозғалысының, ұйымдарды орналастырудың, күзет орындарының орналасуының, техникалық, еңбек процестерінің).
 36. Кестелер (талдау, салық жинау, бюджетке аудару, тексеру және санақ, жоспарлық және есеп беру көрсеткіштері, өндіріс көрсеткіштері).
 37. Тарифтер (көтерме, бөлшек сауда, сатып алу, тапсыру).
 38. Талаптар (техникалық, әдістемелік, ғылыми-әдістемелік).
 39. Нұсқаулар (әдістемелік, ғылыми-әдістемелік).
 40. Шарттар (техникалық, технологиялық, конкурстардың).
 41. Ұйымдар жарғысы.
 42. Бірізге түсірілген құжаттардың нысандары.
 43. Сипаттамалар (техника-экономикалық, техникалық, технологиялық).
 44. Жоспарларға бақылау цифрлары.
- Бұл Тізбені ұйымда өз тізбеңізді құру үшін негіз ретінде пайдалануға болады. Әрбір ұйым қажет болған жағдайда кез келген құжаттарды бекітуге құқылы.

Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес бекітетін Кадрлық құжаттардың тізбесі

1. Бейбәсекелестік туралы шарт жасалуы мүмкін жұмыскер атқаратын немесе орындайтын лауазымдардың және жұмыстардың тізбесі жұмыс берушінің актісімен бекітіледі (ҚР ЕК 29-бабының 3-тармағы).
2. Еңбек тәртіптемесінің қағидаларын жұмыс беруші бекітеді (ҚР ЕК 63-бабы).
3. Жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын берудің кезектілігі жыл сайын жұмыс беруші жұмыскерлер пікірін ескере отырып бекітетін демалыстар кестесіне сәйкес айқындалады не тараптардың келісімі бойынша демалыстар кестесінен тыс белгіленеді (ҚР ЕК 93-бабы).
4. Көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдарда еңбек нормаларын тиісті қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша, ол белгілеген тәртіппен жұмыс беруші бекітеді (ҚР ЕК 101-бабының 6-тармағы).
5. Жұмыскерлерге берілген мүліктің және басқа да құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін толық жеке немесе ұжымдық (ортақ) материалдық жауаптылық туралы шарт жасалуы мүмкін жұмыскерлер

атқаратын немесе орындайтын лауазымдар мен жұмыстардың тізбесі, сондай-ақ толық материалдық жауаптылық туралы үлгілік шарт жұмыс берушінің актісімен бекітіледі (ҚР ЕК 123-бабының 7-тармағы).

6. Далалық жабдықталым ақшасын төлеу тәртібі, шарттары мен мөлшері, далалық жағдайдағы жұмыс уақытын есепке алу тәртібі келісімдерде, ұжымдық, еңбек шарттарында белгіленеді және жұмыс берушінің актісімен бекітіледі (ҚР ЕК 132-бабының 2-тармағы).

7. Жұмыс беруші еңбек, ұжымдық шарттарға және (немесе) жұмыс беруші бекітетін вахталық жұмыс әдісі туралы ережеге сәйкес вахталық жұмыс әдісін қолдану тәртібін айқындайды, сондай-ақ жұмыскердің жұмыс жүргізілетін объектіде және тұру үшін арнайы жабдықталған орындарда (вахталық кенттерде) болуына қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді (ҚР ЕК 135-бабының 2-тармағы).

8. Есептік кезең шегіндегі жұмыс уақыты мен тынығу уақыты вахтадағы жұмыс кестесімен (вахталар кестесімен) бекітіледі (ҚР ЕК 135-бабының 6-тармағы).

9. Жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, жұмыскерлер мен жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі (қауымдастығы, одағы) арасындағы келісімдердің, ұжымдық және (немесе) еңбек шарттарының, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша талаптары жұмыскерлердің жалпы жиналысында (конференциясында) қалыптастырылады және бекітіледі (ҚР ЕК 164-бабының 2-тармағы).

10. Жұмыс беруші жұмыс берушінің актісімен бекітілген тізімге сәйкес, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен, кадрлардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарда үш жылда бір реттен сиретпей мерзімділікпен басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыруға міндетті (ҚР ЕК 182-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы).

11. Жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен әзірлеуді, бекітуді және қайта қарауды жүзеге асыруға міндетті (ҚР ЕК 182-бабы 2-тармағының 16) тармақшасы).

12. Жазатайым оқиға туралы акт толтырылып, оған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің және ұйым бөлімшесінің басшылары, ұйым жұмыскерлерінің өкілі, улану жағдайларында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның өкілі де қол қояды. Жазатайым оқиға туралы актіні жұмыс беруші бекітеді және ұйымның мөрімен (болған кезде) куәландырылады (ҚР ЕК 190-бабының 8-тармағы).

13. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің құрамы жұмыс берушінің және жұмыскерлер өкілдерінің бірлескен шешімімен бекітіледі (ҚР ЕК 203-бабының 2-тармағы).

14. Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестің шешімімен бекітіледі (ҚР ЕК 203-бабының 5-тармағы).

Кәсіби және мұқият іс жүргізуші ешқашан іс жүргізу кезінде түйсігі мен жадына сүйенбейді. Құжатты бекіту – ол ерекше жауаптылық, өйткені ол оған заңдық күш береді, оның түпнұсқалығын растайды. Мақалада біз бекітудің барлық әдістерін, сондай-ақ осы рәсімнен өтуге тиіс құжаттардың тізімдерін ұсындық. Ұйымда құжат айналымын жүзеге асыратын мамандарға арналған бұл «шпаргалка» олардың жұмысына маңызды көмекші болады деп сенеміз.

1-қосымша

Штат кестесінің үлгісі

«СҰҢҚАР» ЖШС

БЕКІТЕМІН:

штат бірлігі 30 адам, жалақы қоры айына 3 000 000 (үш миллион) теңге
Директор *Төлжанұлы Ә. Төлжанұлы*
2020 жылғы 28 желтоқсан
М. О.

**2021 жылғы 05 қаңтардағы
ШТАТ КЕСТЕСІ**

Құрылымдық бөлімше		Кәсіп (лауазым)	Штат бірлігінің саны	Еңбекақы (тарифтік ставка), теңге	Үстемес ақы қосымшасы, теңге			Жалақының айлық қоры, теңге	Ескерту
индексі	атауы				6	7	8		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы:									

Келісілді:

Кадр қызметінің басшысы

Миронова

Н. Миронова

Бас бухгалтер

Ахметова

Ж. Ахметова

Ұйымның сараптау комиссиясы туралы ереженің үлгісі

«СҰҢҚАР»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Нұр-Сұлтан қ.

2020 жылғы 02 желтоқсандағы
№ 703-ө бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

«СҰҢҚАР» ЖШС сараптау комиссиясы туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. «СҰҢҚАР» ЖШС сараптау комиссиясы (бұдан әрі мәтін бойынша – СК) кеңесші орган болып табылады. Оның шешімі ұйым басшысы бекіткеннен кейін күшіне енеді.
2. Ұйым басшысының бір орынбасарының төрағалық етуімен, мамандардан жасақталған СК құрамы басшының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия құрамына міндетті түрде басқаруды құжаттамалық ету қызметінің және ұйым архивінің басшылары міндетті түрде кіреді.
3. СК өз қызметінде Қазақстан Республикасының басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және архив ісі саласындағы заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерін, ұйым басшысының бұйрықтарын (өкімдерін) және Комиссия туралы ережені басшылыққа алады.
4. СК туралы ережені ұйым басшысы бекітеді.

2. СК міндеттері және функциялары

5. СК негізгі міндеттері:
 - 1) ұйымда іс қағаз жүргізу мен архив ісін жетілдіру жөнідегі әдістемелік және практикалық жұмыстарды ұйымдастыру;
 - 2) құжаттарды ұйым архивтерінде одан әрі сақтау, есепке алу және пайдалану мақсаттарымен олардың өңделуін ұйымдастыру және нәтижелерін қарау болып табылады.
6. Негізгі міндеттерге сәйкес СК мынадай функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) іс қағаз жүргізу және архив ісінің мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
 - 2) құжаттардың құндылығына сараптама жасауды ұйымдастырады;
 - 3) құжаттама жасау мен құжаттаманы басқару жөніндегі қағидаларды;
 - ұйымның істер номенклатурасын;
 - сақтау мерзімдері көрсетілген құжаттар тізбесін;
 - іс қағаз жүргізу және архив ісін жүргізу мәселелері бойынша әдістемелік құжаттарды;
 - қолданыстағы тізбеде ескерілмеген құжаттарының сақтау мерзімдерін және жекелеген құжаттардың сақтау мерзімдерін өзгерту туралы ұсыныстарын;
 - тұрақты уақытша (10 жылдан жоғары) сақталатын істердің жиынтық тізімдемесінің жылдық бөлімдерін, жеке құрам бойынша істерді және сақтауға жатпайтын істерді жоюға бөлу туралы актілерді;

- дыбыс-бейне жазу және ғылыми-техникалық құжаттаманың, ғылыми-тарихи құндылығы мен
- практикалық мәнін жоғалтқан құжаттарын жоюға бөлу туралы актісін;
- сақтандыру қорының аса құнды істері мен құжаттарының тізімдемелерін;
- іздестіру жолдары тамамдалған, табылмаған істер туралы актіні;
- істердің түзетілмейтін зақымданулары туралы актіні келісу туралы шешім шығарады.

3. СК жұмысының тәртібі

7. СК құзыретіне жататын мәселелер, қажеттілігіне қарай, жылына кем дегенде екі рет өткізілетін отырыстарда қаралады.

8. СК шешімі көпшіліктің дауыс беруімен қабылданады.

9. СК отырыстары бойынша хаттама жасалады, отырыстардың хаттамаларына комиссия төрағасы, хатшысы қол қояды және ұйымның басшысы бекітеді.

10. СК іс қағаз жүргізуін жүргізу және оның құжаттарын жедел сақтау комиссия хатшысына жүктеледі.

11. Ұйым қызметкерлерінің СК-дағы жұмысы жылдық жоспарда көзделеді және қосымша ақы төлеуге жатпайды.

Лауазым атауы

жеке қолтаңбасы


Атының бас әрпі. Тегі толық

Қолбелгі:

Танысу парағы бөлек парақта

Іс қағаздарын жүргізу қағидаларын енгізу туралы бұйрықтың үлгісі

**«СҰҢҚАР»
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі**



**Товарищество с ограниченной
ответственностью
«СҰҢҚАР»**

БҰЙРЫҚ

2020 жылғы 02 желтоқсан
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 456-Ө
город Нур-Султан

Іс қағаздарын жүргізу қағидаларын енгізу туралы

Іс қағаздарын жүргізуді басқару мен құжаттарды сақтауды құжаттамалық қамтамасыз ету бойынша жұмысты жетілдіру және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Сұңқар» ЖШС-да іс қағаздарын жүргізу қағидалары 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы Қағидалар 2021 жылғы 01 қаңтарда қолданысқа енгізілсін.
3. «Сұңқар» ЖШС құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлері құжаттармен жұмыс жасағанда осы Қағидаларда бекітілген қағидаларды басшылыққа алсын.
4. Көшірме жасау-көбейту бөлімінің бастығы У. Б. Сәрсенбаева осы Қағидалардың көбейтілуін және оның барлық құрылымдық бөлімшелерге 2021 жылғы 01 қаңтарға дейін таратылып берілуін қамтамсыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың орынбасары Асқар Ғалымбекұлына жүктелсін.

Директор

М. О.

Төлжанұлы

Ә. Төлжанұлы

Орындаушы: Шаймерденова А.С.

Қолбелгі: мүдделі құрылымдық бөлімшелер басшыларының лауазым атаулары (бұйрық жобасында немесе парақтың артқы бетінде)


Бұйрықпен таныстым:

Сәрсенбаева У. Сәрсенбаева
02.12.2020

Ғалымбекұлы А. Ғалымбекұлы
02.12.2020

**Құрылымдық бөлімшелердің индекстерін
бекіту туралы бұйрықтың үлгісі**

**«СҰҢҚАР»
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі**



**Товарищество с ограниченной
ответственностью
«СҰҢҚАР»**

БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 05 қаңтар
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 04-Ө
город Нур-Султан

Құрылымдық бөлімшелердің Индекстерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес және құжаттау мен құжаттаманы басқаруды, іс қағаз жүргізуді бақылауды, қызмет барысында жинақталған құжаттарды есепке алуды, орындауды, оларды ақпараттық-анықтамалық мақсатта пайдалануды жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Құрылымдық бөлімшелердің индекстері 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Құжаттама бөлімі (лауазымдық тұлға) (Т. А. Ә.) құрылымдық бөлімшелерді бекітілген индекстер тізбесімен таныстырсын. 2021 жылға бекітілген ұйымның істер номенклатурасы осы бекітілген индекстерге сәйкестендірілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау (құрылымдық бөлімшеге немесе лауазымдық тұлғаға) жүктелсін.

Директор

М. О.

Төлжанұлы

Ә. Төлжанұлы

Орынд. _____
(бұйрықты дайындаған тұлғаның аты-жөні)

Қолбелгі: (бұйрықтың жобасында немесе парақтың артқы бетінде)

Бұйрықпен таныстым:

_____ аты, тегі

2021 жылғы 05 қаңтардағы № 04-Ө бұйрыққа
1-қосымша

**«СҰНҚАР» ЖШС құрылымдық бөлімшелерінің
ИНДЕКСТЕРІ**

	Жоғарғы орган:
01	(Акционерлердің, Қатысушылардың) жалпы жиналысы
	Алқалы органдар:
02	Директорлар кеңесі
	Атқарушы орган:
03	Басшылық
04	Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс департаменті
04-01	Ұйымдастыру-әдістемелік бөлім
04-02	Заң бөлімі
04-03	Құжаттамалық қызмет пен жеке архив
05	Бухгалтерлік есеп пен есеп беру департаменті
06	Нарық маркетингі департаменті
06-01	Баға маркетингі бөлімі
06-02	Өндіру және өткізу маркетингі бөлімі
07	Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті
08	Әкімшілік-шаруашылық департаменті
08-01	Әкімшілік-шаруашылық қызмет көрсету бөлімі
08-02	Күзет қызметі
08-03	Автошаруашылық
15	Алматы филиалы
16	Ақтау филиалы
17	Ақтөбе қаласындағы өкілдік

БЕКІТЕМІН:
«СҰҢҚАР» ЖШС директоры
Төлжанұлы Ә. Төлжанұлы
2020 жылғы 14 желтоқсан
М. О.

«СҰҢҚАР» ЖШС жұмыскерлеріне демалыс беру кестесі 2021 жыл

Р/с №	Лауа- зымы	Т. А. Ә	Демалыс					Ес- керт- пе	Жұмыс- кердің таныс- қаны туралы қол- таң- басы
			Күн- тізбе- лік күн- дер саны	жоспар		факт			
				дема- лыс- тың бірін- ші күні	дема- лыстың соңғы күні	дема- лыс- тың бірін- ші күні	дема- лыс- тың соңғы күні		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1									
2									
3									
4									
5									
6									
7									
8									
9									
10									

Н. Григорьева,
тәуелсіз HR-маман, Алматы қ.



Құжаттарға көміліп қалмау үшін оларды қалай тіркеу керек: іскер адамнан үш тиімді қағида



Тіпті өте тәжірибелі іс қағаздарын жүргізушілер де екі еселенген, жаппай тіркеуді қалай болдырмауды, «көп қабатты» нөмірлерден қалай құтылуды білмейді. Мақалада осы мәселелерді шешуге көмектесетін негізгі қағидалар келтірілген.



Тіркеу дегеніміз не?

Кез келген кәсіпорынның құжат айналымындағы маңызды компоненттердің бірі – бұл **құжаттарды дұрыс тіркеу**, яғни оның жасалуы, жіберілуі немесе алынуы фактісі жазылған құжат туралы есепке алу деректерін белгіленген нысанда есепке алу (ҚР СТ 1037-2001 3.2.7-тармағы). Басқаша айтқанда, тіркеу құжаттармен жұмысты едәуір жеңілдететін арнайы ақпараттық іздеу жүйесін қалыптастырады. Ол құжаттарды дұрыс есепке алуға, олардың уақытында орындалуын қадағалауға, анықтамалық жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.



**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ**

Қалай жасалғаны мен қалай алынғанына қарамастан, жауап беруге тиіс немесе орындалуы қажет құжаттарды ғана тіркеу қажет.

Тіркеу қажет болмаған кезде

Штаттағы іс жүргізушілер кәсіпорында тіркеуге алынбайтын құжаттар тізімін жасауға міндетті. Оны топ-менеджер бекітеді, өзгерістер болған кезде тізім жаңартылады. Ресімделгеннен кейін тіркелмейтін құжаттар тиісті адамдарға немесе солар жұмыс істейтін бөлім басшысына беріледі.

Тіркелуі міндетті емес құжаттар:

- 1) мәлімет үшін жіберілген хаттардың көшірмелері;
- 2) кеңес жоспарлары;
- 3) жарнамалық брошюралар;
- 4) алғашқы бухгалтерлік құжаттар (олардың есебін бухгалтерия жүргізеді);
- 5) оқыту бағдарламалары (олар оқыту жүзеге асырылатын бөлімде ескеріледі);
- 6) жиналыстар мен кеңестер туралы хабарландырулар;
- 7) тоқсандық және басқа есептер (олар есеп жасалатын қызметті жүзеге асыратын бөлімде ескеріледі);
- 8) статистикалық есептілік;
- 9) шақырулар, семинарлар мен конференциялардың жоспарлары;
- 10) жазбаша құттықтаулар;
- 11) жазылатын мерзімді басылымдар;
- 12) іссапарларға рұқсат туралы хабарламалар;
- 13) «Жеке өз қолына» деген жазбасы бар конверттердегі іскери қағаздар;
- 14) ғылыми есеп берулер;
- 15) баға прайстары;
- 16) шығын нормалары, жұмыскерлердің кеңсе тауарлары мен жабдықтарын беруге арналған өтініштері (олардың есебін ӘШБ-де жүргізеді);
- 17) қорытындылар;
- 18) есепке алу үшін кадрлар туралы мәліметтер.

Бұл құжаттардың шамамен алғандағы тізімі. Тіркеуді қажет етпейтін құжаттардың нақты тізімі белгілі бір компания үшін әзірленген Іс қағаздарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықта жазылады.

Құжаттармен қалай жұмыс істеу керек: үш негізгі әдіс

Осы жылдар ішінде іс жүргізу ұйымдарының практикасы құжаттармен жұмыс жасаудың үш негізгі әдісін қалыптастырды – орталықтандырылған, орталықтандырылмаған және аралас.

Орталықтандырылған жұмыс тәсілі – құжаттармен барлық манипуляцияларды кәсіпорынның басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі (*бұдан әрі мәтін бойынша – БҚҚ қызметі*) жүзеге асырады, олар оның қатаң бақылауында болады.

Сонымен бірге, БҚҚ қызметі ұйымның жұмысына қажетті құжаттарды жасау, қалыптастыру, редакциялау және ресімдеу бойынша барлық жұмыстарды

толықтай жүзеге асырады. Бұл цикл құжат жасалған немесе алынған сәттен басталып, құжатты архивке тапсырумен аяқталады.

Құжатпен әрекеттер жиынтығы:

- 1) құжатты жасау немесе алу және өңдеу;
- 2) іскерлік қағазды тіркеу;
- 3) құжаттың орындалу уақытын қадағалау;
- 4) анықтамалық және ақпаратты өңдеу;
- 5) деректер базасына енгізу, дұрыс және тиімді сақтау;
- 6) құжаттарды кәсіпорынның ведомстволық немесе жеке архивіне сақтау үшін тапсырудың барлық қағидаларына сәйкес ресімдеу.

Орталықтандырылған басқару әдісінің артықшылықтары:

- 1) іс қағаздарын өңдеуге арналған ақшалай шығындардың төмендеуі;
- 2) іс жүргізуші мамандардың біліктілігін және өзара алмастырылуын жақсартудың арқасында олардың жұмысын тиімді ұйымдастыру;
- 3) кеңсе техникасын жоғары тиімді және үнемді пайдалану;
- 4) іс жүргізушілердің жұмысындағы құжат айналымы мен бірлігін тиімді бақылау.

Сонымен бірге, құжаттамамен жұмыс істеудің орталықтандырылған әдісін тек жылына 10 000 данадан көп емес іскери құжаттар өңделетін шағын көлемді ұйымдарда ғана орнатуға болады.

БҚҚ қызметінде құжаттармен **жұмыс істеудің орталықтандырылмаған әдісі** орталықтандырылғанға мүлдем қарама-қарсы. Бұл жағдайда, кәсіпорынның әр бөлімінде, басқа бөлімшелерде ұқсас мамандандырылған әріптестеріне тәуелсіз, өз бөлімінің барлық құжаттарын жасайды, өңдейді, сақтайды және жүйеге енгізетін жеке іс жүргізуші болады. Бұл әдіс, әдетте, басшылық пен әкімшілік әртүрлі филиалдарда орналасқан, географиялық тұрғыдан шалғай орналасқан немесе іскерлік қағаздарды жасау мен өңдеу белгілі бір ерекшелікке ие кәсіпорындарда кездеседі (мысалы, коммерциялық құпияны сақтау немесе әр бөлімнің дербестігі маңызды болса).

Іскерлік қағаздармен **аралас жұмыс әдісі** ең танымал болып табылады. Мұндай ұйымдардағы БҚҚ қызметі келесі функцияларды орындайды:

1. Құжаттарды қабылдайды және өңдейді.
2. Құжаттарды тіркейді.
3. Орындау уақытын қадағалайды.
4. Құжаттардың көшірмелерін жасайды.

Кәсіпорынның әр бөлімінде құжаттармен жұмыс жасаудың аралас әдісімен жауапты адамдар құжаттарды жасайды және ресімдейді, жүйеге енгізеді, дұрыс сақталуын қамтамасыз етеді, дайындап архивке өткізеді.

Құжаттармен жұмыс жасаудың аралас әдісі кезінде іскерлік құжаттардың бір түрі үшін бірдей іс-қимыл (мысалы, тіркеу және орындалу уақытын қадағалау) – орталықтандырылған әдіспен (БҚҚ қызметінде), ал басқа түрі үшін орталықтандырылмаған тәсілмен (кәсіпорынның әр бөлімінде бөлек) жасалынуы мүмкін.

Құжаттарды топтарға бөледі. Егер іскерлік хат-хабар кәсіпорын басшылығына жіберілсе немесе бұл клиенттің өтініші болса, онда оны БҚҚ

қызметі тіркейді, егер ол миддл-менеджерге жіберілсе, онда оны тиісті бөлімде тіркейді. Әдетте, бөлімдер оларда жасалған құжаттарды тіркейді. Мысалы, бухгалтерияда – бухгалтерлік құжаттар, кадрлар бөлімінде – кадрлық іс қағаздар жөніндегі қағаздар.

Кәсіпорында БҚҚ қызметі құрылған кезде құжаттармен жұмыс істеу әдісін таңдау әрқашан жауапты және қиын міндет болып табылады. Өйткені қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының бірде-бір нормативтік құқықтық актілерінде осы туралы нұсқама жоқ. Әрбір кәсіпорында бұл таңдауды БҚҚ қызметінің жұмыскерлері немесе компанияның топ-менеджері жасайды. Мұны БҚҚ қызметін қалыптастыру кезеңінде анықтау қажет (*1-қосымша*). Компания өзгерсе немесе іскерлік қағаздарды өңдеу технологиясы жетілдірілсе, құжаттармен жұмысты орталықтандыру тәсілі мен дәрежесі өзгеруі мүмкін. Қандай әдіс таңдалса да, ол Іс қағаздарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықта жазылуы керек.

Құжаттарды тіркеу және бақылау әдістері

Ұйым құжаттары кіріс, шығыс немесе ішкі болуына қарамастан, бөлек тіркеледі. Тіркелген әрбір іскерлік қағаздың жеке нөмірі болуы керек.

Құжаттың тіркеу индексі (нөмірі) – құжат тіркелген кезде оған тағайындалатын цифрлық немесе әріптік-цифрлық белгі (ҚР СТ 1037-2001 3.2.8-тармағы).

Іс қағаздарын тіркеудің үш түрі бар: **журналдық, карточкалық және автоматтандырылған.**

Егер ұйымдағы құжаттарды есепке алу алдыңғы қатарда болса, онда журналдық жүйені таңдайды. Журналға, әдетте, ең құнды құжаттар тіркеледі: мысалы, жұмыскерлердің жеке куәліктері, еңбек кітапшалары, дипломдар мен куәліктер. Банктерде бұл құнды құжаттар: депозиттер туралы шарттар, компания шоттары және т. б. Тіркеудің бұл түрі әсіресе құжат айналымы аз шағын кәсіпорындар үшін қолайлы. Егер құжат айналымы ауқымды болса, журналдық тіркеудің кейбір кемшіліктері пайда болады. Құжаттар олардың түсуіне байланысты дәйекті түрде тіркелуі керек, бір уақытта журналға жазылады және мұны бір жұмыскер ғана жасай алады. Егер құжаттар көп болса, бұл тіркеуді баяулатады және осы уақыт аралығында құжаттарды ресімдеу мүмкін емес. Сонымен қатар, журналдық тіркеу кезінде оны көшіруге болады: бір құжат ол берілетін кәсіпорынның әртүрлі бөлімшелерінде тіркеледі. Ең жағымсыз нәрсе – мұндай есепке алу кезінде талап етілетін мерзімдерді қадағалау және іскерлік қағаздармен ақпараттық-анықтамалық жұмысты ұйымдастыру мүмкін емес.

Журналдық тіркеу әдісі барысында кіріс, шығыс және ішкі құжаттар үшін жеке журналдар жүргізіледі (*2, 3, 4 қосымшалар*).

Карточкалық әдіс мұндай жағымсыз сәттерді болдырмауға көмектеседі, өйткені картотекадағы карточкалардың ретін оңай өзгертуге болады, және бірнеше жұмыскер бір уақытта тіркеуге болады. Карточканың үлгісін

сканерге көшіру және принтерде басып шығару оңай. Бұл үлгі нысанын әрбір кәсіпорын өз бетінше әзірлейді, оны Іс қағаздарын жүргізу жөніндегі нұсқаулықта бекітеді (5-қосымша).

Электрондық немесе автоматтандырылған тіркеу әдісі қазіргі кезде ең тиімді болып табылады. Бірнеше адам әртүрлі компьютерде бір уақытта жалпы деректер қорымен жұмыс істей алады, бұл сонымен қатар іс қағаздарының орындалу уақытын бақылауды және ақпараттық-анықтамалық жұмысты жүргізуді жеңілдетеді.

Электрондық тіркеуде деректер базасына біріктірілген бірдей карточкалар қолданылады. Әр бағдарлама үшін өзіңіздің тіркеу карточқаңыздың нысанын таңдай аласыз немесе бөлек жасай аласыз. Деректердің жоғалуынан қорғану үшін базадан әр картаны баспа түрінде басып шығару қажеттілігін белгілей аласыз.

Электрондық тіркеудің артықшылықтары:

1. Іскерлік қағазды нөмірі, аты немесе карточканың басқа деректемелері бойынша жедел іздеу.
2. Есептер мен конспектілерді электронды түрде дайындау, анықтамаларды тез қабылдау және деректерді тез талдау мүмкіндігі.
3. Құжаттың орындалу уақытын электрондық бақылау.
4. Бірнеше дербес компьютерлерден бір уақытта қатар тіркеу.
5. Әр бөлімде орталықтандырылмаған тіркеу, содан кейін бұл ақпаратты жалпы мәліметтер базасына қосу мүмкін.

Әрбір кәсіпорынның штаттық бағдарламашысы тіркеуге арналған деректер базасын құра алады. Алайда, біз белгілі және нарықта дәлелденген электрондық құжат айналымы жүйесінің бағдарламалық жасақтамасын (бұдан әрі мәтін бойынша – ЭҚАБЖ) пайдалануға кеңес береміз. Тексерілген ЭҚАБЖ құжат жобасын дайындаудан бастап, оны электронды құжаттар архивіне тапсырумен аяқталатын іскерлік құжаттармен жұмыс процесінің нақты автоматтандырылуын қамтамасыз етеді.

Егер сіз кәсіпорында құжаттарды электрондық тіркеу жүйесін қамтамасыз етсеңіз, бұл компанияның барлық құжаттары туралы толық мәліметтерді жинауға және қауіпсіз сақтауға, уақытында орындалуын бақылауға және ақпараттық-анықтамалық жұмыстар жүргізуге, автоматтандырылған негізде құжаттардың ішкі тізімдемесін және тұрақты сақтауға арналған істер тізімдемесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Іскерлік қағаздардың үлкен көлемін жүйеге енгізіп, мұқият өңдеу кез келген кәсіпорын үшін норма болып табылады. Ол үшін компанияда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін, бизнесті тиімді басқаруға және гүлденуіне немесе мемлекеттік мекеменің айқын жұмысына жағдай жасайтын тиімді іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру қажет.

Қазіргі кезде компьютерлік технологияның қарқынды дамуы іс жүргізушілердің жұмысын едәуір жеңілдеткені сөзсіз. Компьютер арқылы құжаттармен жұмыс істеу әлдеқайда тез, және жүйелене түсті. Істерді қалыптастыру және іскерлік қағаздарды ресімдеу де оңайға түсті.

Электрондық пошта арқылы хат адресатқа бірнеше секундта жетеді, құжатты ксерокөшірмеде көшіруге болады.

Іскерлік қағазды тіркеу – бұл компаниядағы іс қағаздарды жүргізудің негізі. Бұл процестің нақты ұйымдастырылуы болашақта қажетті ақпарат пен құжаттарды жедел іздестіруді қамтамасыз етеді, демек, басшылықтың тапсырмаларын тез орындап, еңбек өнімділігі мен компанияның коммерциялық тиімділігін арттыруға болады.

1-қосымша

Ұйымның басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі туралы ереженің үлгісі

1. Жалпы ережелер

1. Ұйымдағы негізгі міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруда дәстүрлі және электронды құжаттама жасау және құжаттаманы басқару процестерін ұйымдастыру үшін дербес құрылымдық бөлімше ретінде әрекет ететін басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі (бұдан әрі мәтін бойынша – БҚҚ қызметі) құрылады.

2. БҚҚ қызметінің құрамына:

- 1) хатшылық;
- 2) экспедиция (хат-хабарларды қабылдау, өңдеу және жіберу);
- 3) құжаттарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімше (бөлім, топ);
- 4) құжаттардың орындалуын бақылау жөніндегі бөлімше (бөлім, топ);
- 5) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жөніндегі бөлімше (бөлім, топ);
- 6) құжаттарды жасау жөніндегі бөлімше (бөлім, топ);
- 7) жаңа ақпараттық технологиялар бөлімі;
- 8) көшіру және көбейту бюросы;
- 9) хаттама тобы;
- 10) редакциялық топ;
- 11) қабылдау.

3. БҚҚ қызметі жоқ ұйымда құжаттаманы ресімдеу және басқару лауазымды тұлғаға жүктеледі.

4. БҚҚ қызметі өз жұмысында:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін;
- 4) архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін;

5) ұйым басшысының өкімдік құжаттары мен нұсқауларын, және БҚҚ қызметі туралы ережені басшылыққа алады.

«Ұйымның басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметі туралы ереженің» толық үлгісін журналдың электрондық нұсқасында <https://e.delopro.mcfk.kz/>, «Формы» бөлімінде, сондай-ақ «ACTUALIS: Кадровое дело» vip-kadru.mcfk.kz электрондық жүйесінде жүктеп алуға болады.

2-қосымша

Кіріс құжаттарын тіркеу журналының нысаны

№ р/с	Кіріс нөмірі	Тір-кел-ген күні	Құ-жат-ты жібе-руші	Құжат түрі, қыс-қаша маз-мұны (тақы-рыбы)	Құжат-тың шығыс нөмірі мен күні	Қарар, орын-даушы	Орын-дау-шы-ның қол-таң-басы	Орын-дал-ғаны тура-лы белгі, күні	Құжат-тың түп-нұсқа-сын-сақтау орны	Ес-керт-пе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

A3 (297x420) форматы

3-қосымша

Шығыс құжаттарын тіркеу журналының нысаны

№ р/с	Шығыс құжа-тының нөмірі мен индексі	Шығыс құжаты-ның күні	Адресат	Қысқаша мазмұны (тақырыбы)	Орын-даушы	Құжат орна-ласқан істің №	Ес-кертпе
1	2	3	4	5	6	7	8

A4 (210X297) форматы

4-қосымша

Ішкі құжаттарды тіркеу журналының нысаны

№ р/с	Ішкі құжаттың күні және индексі	Ішкі құжаттың авторы	Тақырыбы немесе қысқаша мазмұны	Орындалғаны туралы белгі	Ес-кертпе
1	2	3	4	5	6

A4 (210X297) форматы

Тіркеу-бақылау карточкасының нысаны

Оң жақ беті

Құжаттың нөмірі	Құжаттың күні	Келіп түскен уақыты	Кіріс нөмірі
Құжаттың авторы (хат алмасушы)		Іске жіберілгені туралы белгі	
Құжаттың түрі Құжаттың тақырыбы немесе қысқаша мазмұны Парақтар саны Құжатқа қосымшалардың бар-жоғы туралы белгі			
Бұрыштама	Орындау мерзімі Орындаушы	Құжаттың алынғаны туралы қолхат (белгі), уақыты	
Бақылау туралы белгі			

Теріс жағы

Орындау, орындау мерзімін ұзарту туралы белгі

А5 (148X210) форматы

Ескертпелер.

1. «Құжат (хат алмасушы) авторы» деректемесіне:
 - 1) кіріс құжатына кіріс құжатының авторы-ұйымның атауы (авторлар- ұйымдардың атауы) енгізіледі, егер кіріс құжаты азаматтар өтініші болып табылса, онда мекенжайлары және басқа да қажетті мәліметтері көрсетіліп, өтініш авторының тегі мен аты-жөні енгізіледі;
 - 2) шығыс құжатына шығыс құжатын алушы ұйымның атауы (ұйымдардың атауы немесе біртектес ұйымдардың жалпы атауы) жазылады;
 - 3) егер шығыс құжаты азаматтың өтінішіне жауап болып табылса, онда мекенжайы және басқа да қажетті мәліметтері көрсетіліп, азаматтың тегі және аты-жөнінің бас әріптері жазылады;
 - 4) ішкі құжаттарға ішкі құжаттың авторы-ұйымның (жұмыскердің лауазымы және тегі) құрылымдық бөлімшенің атауы жазылады.

2. «Құжаттың түрі» деректемесі тіркелетін құжат түрімен сәйкес толтырылады, хаттарды тіркеген кезде бұл деректеме толтырылмайды.
3. «Құжаттың уақыты» деректемесіне автордың (авторлардың) құжатында қойылған құжат уақыты қойылады.
4. «Құжаттың нөмірі» деректемесіне құжат авторы-ұйымның (авторлары-ұйымдардың) құжатына қойылған тіркеу нөмірі қойылады.
5. «Келіп түскен уақыты» деректемесіне ұйымға келіп түскен құжаттың уақыты қойылады.
6. «Кіріс нөмірі» деректемесіне құжатты алушы ұйымның қойған нөмірі енгізіледі. Құжат орындалғаннан кейін ұйым істерінің номенклатурасы бойынша іс нөмірі және ұйымның қарауы бойынша басқа белгілер қойылады.
7. «Құжаттың тақырыбы немесе қысқаша мазмұны» деректемесіне құжаттың тақырыбы, тақырыбы болмаған жағдайда, құжаттың қысқаша мазмұны жазылады.
8. «Парақтар саны» деректемесіне құжаттың және оған ілеспе хаттың парақтарының жалпы саны жазылады.
9. «Қосымшаның бар-жоғы туралы белгі» деректемесіне қосымшалардың саны және құжатқа қосымшалар парақтарының жалпы саны қойылады.
10. «Бұрыштама» деректемесіне ұйым басшысының бұрыштама мәтіні толығынан көшіріледі.
11. «Алынғаны туралы қолхат (белгі), уақыты» деректемесіне орындаушының қолтаңбасы, қолтаңбаның толық жазылуы (орындаушылардың қолтаңбалары, қолтаңбалардың толық жазылуы), құжатты орындауға берген уақыты қойылады.
12. «Орындау мерзімі» деректемесіне орындау уақыты қойылады. Шығыс бастамашылық құжатын тіркеген кезде күтілетін жауаптың уақытын қояды.
13. «Орындау, орындау мерзімін ұзарту туралы белгі» деректемесіне мәселенің шешімі туралы жазба, жауап құжаттың уақыты және тіркеу нөмірі қойылады. Құжаттың орындалу мерзімі ұзартылған жағдайда орындаудың жаңа уақыты қойылады.
14. «Іске жіберілгені туралы белгі» деректемесіне ұйым істері номенклатурасы бойынша істің индексі қойылады.
15. «Бақылау туралы белгі» деректемесіне құжаттың орындалу мерзімдеріне бақылау туралы белгі, тексерулердің уақыты, орындалудың кешігу себептері жазылады.
16. Тіркеу-бақылау карточкаларындағы көрсетілген және қосымша деректемелердің оңтайлы орналасу тәртібін ұйым анықтайды.
17. Осы электрондық форматтағы тіркеу-бақылау карточкасы электрондық құжаттарды ресімдеу мен бақылау үшін қолданылатын негізгі (бағдарламалық өнімге байланысты жалғыз) нысан болып табылады.
18. Тіркеу-бақылау карточкасы ұйымның электрондық құжаттарының ведомстволық (жеке) архивінің «Автоматтандырылған ғылыми-анықтамалық аппараты» деректер базасын құруға негіз болып табылады.

А. Адельгужин,
құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және құжаттарды архивтік сақтау жөніндегі сарапшы, Алматы қ.



Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің ғылыми-анықтамалық аппаратының жүйесі



Журналдың алдыңғы нөмірінде біз архив құжаттарымен таныса бастадық, оларды сипаттаудың қағидаттары, әдістері мен элементтері туралы не білу керек екенін айттық. Тақырыпты жалғастыра отырып, ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің ғылыми-анықтамалық аппаратының жүйесі деген не және оның мақсаты қандай екендігі туралы сөйлесейік.



Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің ғылыми-анықтамалық аппаратының жүйесі дегеніміз не және оның құрамы қандай

Ғылыми-анықтамалық аппарат – құжаттар мен құжаттық ақпараттарды іздестіруге арналған архив анықтамалығы, деректер базалары түрінде ұсынылған құжаттардың (екінші құжаттық ақпараттың) жүйеленген сипаттамалық элементтер жиынтығы.

Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің ғылыми-анықтамалық аппаратының жүйесі өзара бір-бірімен байланысты және бірін-бірі

толықтыратын архив анықтамалығы мен деректер базасы кешенін білдіреді. Олар құжаттар мен құжаттық ақпараттарды тиімді пайдалану мақсатында іздестіруге арналып, бірыңғай ғылыми-әдістемелік негізде жасалады.

Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің ғылыми-анықтамалық аппараты жүйесінің құрамы онда сақталатын құжаттардың құрамы мен мазмұнына, іздестірудің сипаты мен міндеттеріне және құжаттарды пайдалану интенсивтілігіне байланысты.

Ұйымның ведомстволық (жеке) архиві құжаттарының барлық түріне арналған ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесінің элементтері мыналар болып табылады:

1. Басқару ісінің жиынтық тізімдемелерінің жылдық бөлімдері, дыбыс-бейнелі және ғылыми-техникалық құжаттардың тізімдемелері.
2. Құжаттарды қабылдау мен жоюды есепке алуға арналған кітаптар, түгендеу кітаптары, тізімдер.
3. Осы анықтамалардың қызметін орындайтын каталогтар, картотекалар, деректер базасы.
4. Көрсеткіштер.
5. Құжаттарға шолу.
6. Ұйымның архив қорларына тарихи анықтамалар.

Ұйымның архив анықтамалықтары олардың мақсатты бағытына қарай мынадай типтерге бөлінеді: **тізімдеме, кітап, тізбе, каталог, көрсеткіш, шолу, анықтама.**

Ұйым құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы архив анықтамалықтары және мәлімет базалары **қорішілік және қораралық** сипатта болуы мүмкін.

Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесінде іс қағаздарын жүргізу барысында және ұйымның ведомстволық (жеке) архивінде түзілетін есепке алу анықтамалық аппараттарының сабақтастығы, оның мемлекеттік архивтің ғылыми-анықтамалық аппараттарымен үйлесімі жүзеге асырылады.

Ұйымның ведомстволық (жеке) архивтерінің ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесінің сабақтастығы талаптардың бірыңғайлығы мен құрылымдық қағидаттарына негізделеді. Бұл сабақтастық іс қағаздарын жүргізу мен ұйымның ведомстволық (жеке) архивіндегі істер тізімдемелерін, құжаттарды, каталогтарды, деректер базаларын қажетті ғылыми- анықтамалық аппараттарымен қоса әзірлеуді міндеттейді.

Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің ғылыми-анықтамалық аппараты жүйесін жасау және оны дамыту кезінде сараланған әдіс қолданылады. Бұл әдіс бойынша архив анықтамалықтары мен деректер базаларының құрамы, тізімдеу әдістемелері, анықтамалықтарға жасалатын түсіндірме аппараты, жұмыстардың кезектілігін белгілеу амалдары мақсатты түрде іріктеліп алынатын болады.

Ұйымның ақпараты көп қырлы, көп салалы құжаттары бар архив қорлары және айрықша құнды құжаттары бар шығу тегі дербес сипатты архив қорлары бірінші кезекте тізімдемеге алынуы керек. Тізімдемелер түрлі көрсеткіштермен жарақталуы тиіс. Архив қоры аясында **жеке сипаттамалар**

жасалады. Ақпараттар көлемі неғұрлым ауқымды қорларға **шолулар, істер мен құжаттарға сілтеме көрсеткіштер** әзірленеді.

Дербес бір сала немесе қызметтің бір бағыты бойынша ақпараттар жинақталған, құрамында айрықша құнды құжаттары бар ұйымның архив қорлары мен шығу тегі дербес сипатты архив қорларының тізімдемелері **бір ғана көрсеткішпен шектеледі**, архив қоры аясында **жеке сипаттамалар да, топтық сипаттамалар да** даярланады. Ақпараттары бір тақырып бойынша жинақталған немесе жоғарыда аталған архив қорларына қосымша сипатты ұйымның архив қорларының құжаттарына **көрсеткіштер жасалмайды**.

Істердің (құжаттардың) тізімдемесі, кітап, тізбе

Басқарушылық істердің жиынтық тізімдемесінің, дыбыс-бейнелі және ғылыми-техникалық құжаттардың жылдық бөлімі **архивтік анықтамалықтар** болып табылады. Олар сақтау бірліктерінің, есеп бірліктерінің құрамы мен мазмұнын ашуға, оларды архив қорының шеңберінде жүйелеуге және есепке алуға арналған.

Істер (құжаттар) тізімдемесі сақтау бірліктерін сипаттау баптарынан, қорытынды жазбадан, істі куәландыру парағынан және тізімдеменің анықтамалық аппаратынан тұрады.

Тізімдеменің **сипаттау объектісі** сақтау бірліктері немесе есепке алу бірлігі болып табылады.

Сипаттау бабы сақтау бірлігінің немесе есепке алу бірлігінің жекелеген құжаттарының (құжаттар тобының) аңдатпасымен толықтырылуы мүмкін.

Тізімдеменің анықтамалық аппаратына мыналар кіреді:

- 1) титулдық парақ;
- 2) мазмұны (тақырыбы);
- 3) алғы сөз;
- 4) қысқартулардың тізімі;
- 5) сілтегіштер.

Титулдық парақта: архив қорының нөмірі, архив қорының атауындағы өзгерістер, тізімдеменің нөмірі және оның атауы, тізімдемеге енгізілген архивтік құжаттардың соңғы датасы көрсетіледі.

Алғы сөзде мыналар көрсетіледі:

- 1) қор жасаушының тарихы, архив қорының тарихы;
- 2) архив қоры құжаттарының құрамы мен мазмұнына аңдатпа (бұл жағдайда сақтау бірліктерінің ең типтік топтары түрлері мен сорттары бойынша, сондай-ақ мазмұны бойынша ажыратылады);
- 3) тізімдемелерге анықтамалық аппараттың құрамы.

Істердің (құжаттардың) тізімдемелеріне сілтегіштер (жалпы және арнайы) жасалады. Істердің (құжаттардың) тізімдемесіне сілтеме анықтамалық деректері сақтау бірліктерінің, есепке алу бірліктерінің реттік нөмірлеріне беріледі.

Кітап бұл құжаттарды тіркеу процесінде басталатын **архивтік анықтамалық болып табылады**. Онда ұйымның ведомстволық (жеке)

архивінде уақытша сақталған барлық құжаттар, құжаттардың қозғалысы және олардың іздеу деректері жазылады. Тізім шынымен бар құжаттар жиынтығы туралы ақпаратты қамтиды, оларды іздеуді, есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етеді.

Каталогтар және картотекалар

Каталог дегеніміз ведомстволық (жеке) архив құжаттарының мазмұны туралы ақпарат осы каталог үшін қабылданған құжаттық ақпараттың жіктеу сызбасына сәйкес орналасқан тақырыптар (тақырыптар, филиалдар) бойынша топтастырылатын **қораралық архивтік анықтамалық**. Әртүрлі каталогтардың жиынтығы каталогтар жүйесін құрайды.

Каталогтарды дайындау, құру және жүргізу бойынша жұмыстар **құжаттарды каталогтау** деп аталады. Каталогтау жұмыстың жеке түрі ретінде (тақырыптық әзірleme), сондай-ақ құжаттарды жазбалау және іздеп табумен байланысты жұмыстың басқа түрлері процесінде (қосымша (жолай) каталогтау) жүргізуге болады.

Каталогтау кезінде саралап жіктеу әдісі қолданылады, ол:

- 1) архивтік қорды, олардың құрылымдық бөліктерін таңдау ретін анықтауда;
- 2) істер мен құжаттарды және олардан ақпаратты іріктеуде;
- 3) құжатты ақпаратты сипаттаудың тиісті әдістерін қолдануда.

Каталогтау мынадай жұмыстардың түрін қамтиды:

- 1) жіктеу сұлбасын құрастыруды;
- 2) құжаттарды іздеп табу және іріктеуді;
- 3) каталог карточкаларында сипаттауды;
- 4) карточкаларды жүйелеуді;
- 5) каталогтарды жүргізуді.

Жіктеу сұлбасын таңдау ұйымның ведомстволық немесе жеке меншік архивінің құжаттарының құрамымен және оларды пайдалану міндеттерімен айқындалады.

Құжаттық ақпараттың жіктеу сұлбасы, белгіленген ретпен орналасқан каталогтардың бөлінген жіктелу тізбесі бар жазба немесе графикалық құжат болып табылады және көрсетілген бөліктер бойынша құжаттардан мәліметтерді бөлу үшін арналған.

Каталогтар құрылған сұлбасына қарай **жүйелік, тақырыптық, пәндік және олардың әртүрлілігі – атаулы, географиялық, объектілік** болып бөлінеді.

Құжаттық ақпарат жүйелік каталогта білім саласы мен ұйымның тәжірибелік қызметі бойынша жіктеледі және қисынды жүйелілікпен орналасады.

Құжаттық ақпарат **атаулы каталогта** құжаттарда аталатын немесе олардың авторы болып табылатын тұлға тегінің әліпбиі бойынша жіктеледі. Бұдан әрі жүйелеу хронологиялық немесе қисынды жүйелілікте жүргізіледі.

Архив қорлары мен каталогтау үшін таңдалған құжаттар **каталог карточкаларында** сипатталған.

Каталогта сипаттама объектісі белгілі бір тақырып (сұрақ) бойынша ақпаратты қамтитын архив құжаты (құжаттар тобы, құжат бөлігі), сақтау бірлігі (есепке алу бөлімі), істердің (құжаттардың) қысқаша тізбесінің жылдық бөлімі, істердің (құжаттардың) тізімдерінің жиынтығы, архив қоры (архив қорларының тобы) бола алады.

Каталогтың тізімдемені сипаттау құрамына:

- 1) ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің атауы;
- 2) индексі;
- 3) айдар, айдарша;
- 4) оқиға уақыты, оқиға орны;
- 5) мазмұны;
- 6) архивтік қордың нөмірі, архивтік қордың атауы;
- 7) істер (құжаттар) тізімдемесінің, сақтау бірлігінің, парақтар нөмірі;
- 8) құжат тілі;
- 9) құжатты жаңғыртудың әдісі кіреді.

Каталогтар бөлімдері немесе каталогтар бөлімдерімен басқа архивтік анықтамалықтар арасындағы өзара байланыстар үшін сілтеме жасау жүйесі қолданылады.

Каталогты жүргізу, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыстар кешені, оған:

- 1) жұмысты ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 2) карточкаларға индекстер қою;
- 3) карточкаларды индекстер мен айдарлар бойынша жүйелеу;
- 4) каталогқа сілтеме аппаратын құрастыру;
- 5) каталогты жетілдіру кіреді.

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету жекеленген архивтік қорларды (немесе олардың топтарын) каталогтау бойынша әдістемелік құралдар, каталогтарды жіктеудің жұмыс сұлбасын әзірледі, оларды нақтылау және толықтыруды қамтиды. Индекстер қою жіктеудің сұлбасы бойынша индексті таңдау немесе құрастыру және оны каталог карточкасының тиісті ақпаратына жатқызу болып табылады. Атаулы каталогта карточкаларға индекс қойылмайды, әліпби бойынша орналасады.

Каталогты жетілдіру өзіне жіктеу сұлбасын жетілдіруді, каталогтың мазмұнын және ресімделуін тексеруді, сипаттауды тексеруді (түзету, бір архивтік қор немесе істер (құжаттар) тізімдемесі бойынша біртектес ақпаратымен сипаттамаларды біріктіруді, олардың жүйелеуін нақтылауды) қамтиды.

Каталогтар жүйесін толықтыру көздерінің бірі тіркеу-бақылау карточкалары, ұйым тарихы туралы карточкалар, жеке құрамдағы картотекалар, неғұрлым ақпараттандыратын және жиі қолданылатын архивтік қорлардың құжаттары болып табылады.

Басқару құжаттамасын уақытша сақтайтын ұйымның ведомстволық (жеке) архиві ұйымның тарихы бойынша пәндік картотекалардың (атаулы, географиялық), картотекалардың түрлерін жасайды.

Атаулы картотека (жеке құрам бойынша картотека) еңбек өтілі, еңбек ақысы және басқа да әлеуметтік-құқықтық деректер туралы мәліметтерді

іздістіру үшін жасалады. Карточкаларда архивтік қордың нөміріне, істердің жиынтық тізімдемесінің жылдық бөліміне, ол туралы мәлімет бар істер, парақтар нөміріне сілтемемен қызметкердің тегі, есімі, әкесінің есімі жазылды. Карточкалар тегінің әліпбилік ретімен, ал тегі шегінде есімі мен әкесінің аты бойынша әліпбиімен жүйеленеді.

Географиялық картотекада ақпарат алфавит бойынша географиялық объектілер бойынша жүйеленеді. Жіктеу әкімшілік-аумақтық бөлініске де негізделуі мүмкін. Болашақта олар хронологиялық тәртіпте жүйеленеді.

Ұйымның тарихы жөніндегі картотекада мыналарды қамтиды:

- 1) оны құру, қайта құру, тарату;
- 2) жүктелген міндеттер, орындалған функциялар, ұйым құрылымы және міндеттердегі, функциялардағы, құрылымдағы өзгерістер, тиісті нормативтік құқықтық актілерге, әкімшілік құжаттарға және архив құжаттарының іздеу мәліметтеріне сілтемелер (архив қорының нөмірі мен атауы, істердің қысқаша тізімінің нөмірі, істің нөмірі және іс парағы).

Дыбыстық-бейнелік құжаттама сақтайтын ұйым архиві:

1) киноқұжаттың авторлары (режиссері, сценарисі және операторы) **туралы мәліметі бар атаулы картотека**, киноқұжаттың шығарылған уақыты туралы мәліметі бар хронологиялық картотека, киноқұжаттардың атаулары туралы, әліпбилік ретпен орналасқан, мәліметі бар әліпбилік картотека;

2) тұлғалар туралы мәліметі, фотоқұжаттағылар туралы ақпараты бар **атаулы картотека**, объектілері, оқиғалар туралы мәліметі, фотоқұжаттағылар туралы ақпараты бар объектілік картотека;

3) үнқұжатқа жазылған көркемсуретті, музыкалық немесе құжатты шығарманың авторы және орындаушылары туралы мәліметі бар атаулы картотека, үнқұжатқа жазылған көркемсуретті, музыкалық немесе құжатты шығармалар туралы мәліметі бар жанрлық картотека;

4) әліпбилік реттегі бейнеқұжаттардың атаулары туралы мәліметі бар **әліпбилік картотека**, бейнеқұжаттың шығарылған күні туралы мәліметі хронологиялық картотека жасайды.

Ғылыми-техникалық құжаттама сақтайтын ұйым архиві:

1) күрделі құрылыс нысаналарына және нысаналарды құрастыруға жасалатын **объектілік каталогты**;

2) жобалардың, әзірлемелердің, бұйымдардың, зерттеу тақырыптарының авторлар тегі бойынша құрастырылған **атаулы каталогты**;

3) орналасқан орны бойынша нысаналарды жобалауға құрастырылған **географиялық каталогты**;

4) ғылыми-техникалық әзірлемелер атауының әліпбилік ретімен жасалған **әліпбилік каталогты** құрады.

Көрсеткіштер

Архивтік құжаттарда аталатын, іздістіру деректері көрсетілген әліпбилік, жүйелеу немесе басқа белгілерімен құрастырылған заттар атауларының тізбесі тұрғысындағы **архивтік анықтамалық көрсеткіш болып табылады**.

Ұйым архивіндегі көрсеткіштер жіктеледі:

- 1) көлемі бойынша** – қор аралық және қор ішілік;
- 2) пішіні бойынша** – электрондық, парақтық немесе карточкалық;
- 3) айдар құрылымы бойынша** – жабық (заттық ұғым және олардың іздестіру деректері) және мазмұндалған (заттық ұғымдар түсіндірмелермен қоса жүретін);
- 4) көрсеткіштер ішіндегі ұғымдар топтастық бойынша** – әліпбилік, жүйелік, хронологиялық.

Көрсеткіштер сақтау бірлігінің тақырыптарына (оларды қарамастан) немесе құжаттарға (сақтау бірліктерін қарай отырып) құрастырылады.

Көрсеткіштердің негізгі түрлері:

1. Заттық (оның түрлері – тақырыптық, атаулы, географиялық).
2. Хронологиялық болып табылады.

Көрсеткіш ішінде ұғымдар топтастығы бойынша әліпбилік, жүйелілік және хронологиялық көрсеткіштер болып бөлінеді.

Құжаттар көрсеткіші істер (құжаттар) тізімдемесінің бір құжатына, бірнеше істер (құжаттар) тізімдемесінің құжаттарына, архивтік қордың құжаттарына, бір архивтік қордың немесе бірнеше архивтік қордың істер (құжаттар) тізімдемесіне құрастырылуы мүмкін.

Кез келген көрсеткіштің сипаттамалық бабы заттық ұғымнан (айдардан) және іздестіру деректерінен тұрады. Көрсеткіштің арналуына қарай айдар қарапайым, (кіші айдарсыз) және күрделі (кіші айдаршасы бар) болады.

Бір істер, құжаттар тізімдемесінің сақтау бірлігіне **көрсеткіштің іздестіру деректері** сақтау бірлігінің реттік нөмірін қамтиды. Бір ұйым архивінің көрсетілген деректері бірнеше архивтік қордың сақтау бірлігіне көрсеткіштің іздестіру деректері архивтік қордың істер, құжаттар тізімдемесінің нөмірлерімен толықтырылады.

Тақырыптық көрсеткіш өзіндік тарихи фактілер мен құбылыс болатын ұғымды қамтиды. Мұндағы айдар мен айдаршалар атау септігінде жазылады. **Пәндік көрсеткіш** әліпбилік ретпен орналасқан ұғымды қамтиды. **Жалпы пәндік көрсеткіш** әртүрлі ұғымды қамтиды және айдар құрылымы бойынша тек қана қатаң болады. **Арнайы пәндік көрсеткіш** біркелкі ұғымды (құжаттар түрін, авторлар тегін, ұйым атауларын, олардың құрылымдық бөлімшелерін, салалардың атауларын және сол сияқтыларды) қамтиды және қатаң немесе мазмұндалған болады. **Атаулы көрсеткіш** әліпбилік белгісі бойынша құрастырылады және тегін, есімін, әкесінің атын (әркелкі оқылуы, бүркеншік есім, лақап аты, жалған аты) және өмірбаяндық анықтаманы қамтиды. **Географиялық көрсеткіш** мемлекеттің, әкімшілік-аумақтық бірліктің, теңіздің, өзеннің және өзге де географиялық нысаналардың атауларын қамтиды. Көрсеткіште жинақталған ұғымдар немесе әкімшілік-аумақтық атаулар түсіндірмесіз енгізіледі.

Хронологиялық көрсеткіш хронологиялық тәртіппен орналасқан тарихи оқиғалардың, құбылыстардың және фактілердің даталары немесе құжаттардың даталары енгізілетін айдарлардан тұрады.

Архивтік анықтамалықтарға көрсеткіштер іздестіру деректеріндегі сілтемелер анықтамалықтардың беттеріне немесе бөлімдеріне (каталог үшін) беріледі.

Шолу

Шолу жекеленген құжаттар кешенінің құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметі қамтылған **архивтік анықтамалық болып табылады**. Ұйымның ведомстволық (жеке) архивіндегі шолудың түрлері **архивтік қордың шолуы** және тақырыптық шолу болып табылады.

Архивтік қордың шолуы үшін сипаттаудың нысанасы бір архивтік қордың:

1. Құжаты (құжаттар тобы, құжат бөлігі).
2. Сақтау бірлігі, есепке алу бірлігі болып табылады.

Ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің құжаты бойынша тақырыптық шолу үшін сипаттау нысанасы нақты тақырып бойынша:

1. Құжат (құжаттар тобы, құжат бөлігі).
2. Бір архивтік қор (архивтік қор бөлігі, архивтік қорлар топтары) сақтау бірлігі, есепке алу бірлігі болып табылады.

Архивтік қорды шолу жеке алынған архивтік қор құжаттарының құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметті қамтиды. **Тақырыптық шолу** белгіленген тақырып бойынша архивтік қордың бір немесе топ құжаттары бөлігінің құрамы мен мазмұны туралы жүйеленген мәліметті қамтиды. Шолуды құрастырған кезде:

- 1) архивтік қорды және (немесе) тақырыптарды таңдауда;
- 2) шолудың негізгі бөлімінде ақпаратты топтастыру қағидатында;
- 3) құжаттар туралы (жеке немесе топтасқан аңдатпа) ақпарат ұсынғанда әртүрлі әдістемені, жекеленген құжаттар түрін жазбалаудың әртүрлі әдістемесін қолдануда;
- 4) шолуға анықтамалық аппарат құрамының және толықтыру деңгейін мақсатты іздестіруде саралап жіктеу әдісі қолданылады.

Шолу сақтау бірлігінің, есепке алу бірлігінің, құжаттардың және анықтамалық аппараттың жекеленген топтарының аңдатпалар жиынтығынан тұрады. Аңдатпада сақтау бірлігі, есепке алу бірлігі, құжаттар тобының мазмұны баяндалады, құжаттардың әртүрлілігі, олардың авторлары, хронологиялық шектері, түпнұсқалығы, іздестіру деректері көрсетіледі. Шолуда архивтік қордың іздестіру деректері істер (құжаттар) тізімдемесінің, сақтау бірлігінің, есепке алу бірлігінің, сақтау бірлігінің парақтар нөмірлерінен тұрады. **Қор аралық тақырыптық шолуда** іздестіру деректер қоры нөмірімен толықтырылады. **Шолудың ғылыми-анықтамалық аппаратына** титулдық парағы, мазмұны (тақырып атаулары), алғысөз, қысқартылған сөздер тізімі, көрсеткіштер кіреді. **Тақырыптық шолуға** архивтік қорлардың тізімі, шолудағы бар ақпарат және тақырып бойынша библиография құрастырылады.

Шолуға алғысөзде қор жасаушының тарихы және архивтік қор тарихы, шолудың құрылымы, ғылыми-анықтамалық аппараттың құрамы бойынша мәлімет баяндалады.

Шолулар:

- 1) құрылымы;
- 2) саласы (функционалдық);
- 3) пәндік-тақырыптық;
- 4) географиялық;
- 5) хронологиялық және басқа да **белгілері бойынша жасалады.**

Тарихи анықтама

Ұйым архивінде қор жасаушы және архивтік қор тарихы бойынша мәліметі, оның құжаттар құрамы мен мазмұнына және ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесіне қысқаша сипаттамасы бар құжаты болып табылатын **архивтік қорға тарихи анықтама** құрастырылады. Тарихи анықтама қор жасаушының тарихынан, қор тарихынан, архивтік қор құжаттарының сипаттамасынан тұрады.

Бірінші бөлім – қор жасаушының тарихы ұйымның пайда болуының тарихи шарттары сипаттамасын, оның алдындағы ұйымның атауын, хронологиялық ретпен барлық қайта ұйымдастыруларды, соның ішінде мынадай мәліметтерді:

- 1) нормативтік құқықтық актілерге немесе өкімдік құжаттарға сілтеме жасай отырып ұйымның пайда болған, қайта құрылған және таратылған уақыттарын;
- 2) ұйымның құқықтық мұрагерінің атауын;
- 3) ұйымның міндеттері мен функцияларын және олардың өзгерістерін;
- 4) ұйымның қызмет көлемін, аумақтық органдар жүйесінің құрамын және/немесе ведомстволық бағынысты ұйымдарын;
- 5) ұйымның мемлекеттік аппарат жүйесіндегі, экономикалық, қоғамдық-саяси, мәдени және басқа саладағы орнын;
- 6) ұйымның ресми атауындағы және бағыныстылығындағы өзгерістерін;
- 7) ұйымның құрылымы және оның өзгерістерін қамтиды.

Біріктірілген архивтік қор үшін қор жасаушының ортақ тарихы құрастырылады. **Архивтік топтамаға** қатысты – оның жасалу тарихы туралы, құрастырушы туралы, сондай-ақ архивке келіп түсер алдында топтаманың орналасқан жері туралы мәліметтерді көрсетеді (егер ол ұйымның ведомстволық (жеке) архивінде жасалмаған болса).

Екінші бөлім – архивтік қор тарихы – мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) ведомстволық (жеке меншік) архивке архивтік қор құжаттарының алғаш рет келіп түскен уақытын;
- 2) алғашқы рет келіп түскен құжаттардың көлемі мен ең алдыңғы және ең соңғы күнін;
- 3) архивтік қор құрамындағы және мазмұнындағы өзгерістерін және олардың себептерін (құндылығына сараптау жүргізу, жоғалту, құжаттау жүргізілмеген кезең);

- 4) құжаттардың сақталу деңгейін;
- 5) құжаттарды қалыптастырудың, сипаттаудың және жүйелеудің ерекшеліктерін;
- 6) архивтік қордың хронологиялық шегінен шығатын құжаттардың бар-жоғы туралы мәліметтерін;
- 7) архивтік қорға жасалған ғылыми-анықтамалық аппарат құрамын.

Архивтік қор тарихы бойынша бөлімде аңдатпа, библиография, құжаттарға қол жеткізу мен пайдаланудың шарттары туралы ақпарат болады.

Аңдатпа қор жасаушы қызметінің бағытын айқындайтын тақырыптар хронологиясын көрсетіп және олардың географиялық (әкімшілік-аумақтық) шектерін белгілей отырып, архивтік қор құрылымы бойынша және құжаттардың түрлері бойынша құжаттар құрамына және тақырыптар, мәселелер бойынша құжаттар мазмұнына қысқаша қорытынды сипаттаманы қамтиды.

Библиография архивтік қор бойынша жарияланған және жарияланбаған анықтамалықтар мен оның негізінде орындалған құжаттық жарияланымдар тізімін қамтиды.

Үшінші бөлім құжаттарды тұтастай алғанда және құжаттардың жекеленген топтарының құрамы мен мазмұны бойынша архивтік қордың қорытындыланған сипаттамасын, қордың хронологиялық шегінен шығатын құжаттардың бар-жоғы туралы, архивтік қорға ғылыми-анықтамалық аппарат туралы, ақпарат тасымалдағыштардың түрлері туралы мәліметтерді қамтиды.

Архив топтамасының тарихи анықтамасының екінші және үшінші бөлімдері ұйымның архивтік қорының тарихи анықтамасының сәйкес бөлімдерімен ұқсастығы бойынша қалыптасады.

Анықтамаға орындаушы және ұйым архивінің басшысы қол қояды.

Тарихи анықтама төрт данада басылады: үш данасы архивтік қор құжаттары бірінші тапсырылған кезде мемлекеттік архивке беріледі, біреуі ұйымның ведомстволық (жеке) немесе жеке меншік архивінің қор ісінде сақталады.

Тарихи анықтама архивтік қор толықтырылған кезде немесе ұйым қайта ұйымдастырылған жағдайда қосымша толтырылып отырады. Тарихи анықтама (оның бөлігі) әрбір аяқталған істер (құжаттар) тізімдемесімен бірге мемлекеттік архивке тапсырылып отырады.

Журналдың келесі нөмірінде біз тақырыпты жалғастырамыз және электрондық құжаттардың тізімдемесі мен ұйымның ведомстволық (жеке) архивінің автоматтандырылған ғылыми-анықтамалық аппараты туралы айтамыз.

А. Тыналин,
«Lex Consulting» ЖК заңгері, Алматы қ.



«Несие шартын жасаймыз» кейсі



Құрметті оқырмандар, сіздер үшін жаңа кейстер топтамасын дайындадық, онда түрлі құжаттарды жасау және ресімдеу тақырыбын қарастырамыз. Кезекті тапсырмада ұсынылған құжатпен танысып, оны дайындаудағы қателіктер мен дәлсіздіктерді табуды ұсынамыз.



НЕСИЕ ШАРТЫ

Бұдан әрі «Несие беруші» деп аталатын «Картошкин К. К» ЖК, ЖК туралы куәлік негізінде әрекет ететін Картошкин К. К, бір тараптан және бұдан әрі «Қарыз алушы» деп аталатын Маратов М. М. екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар төмендегі туралы несие шартын (бұдан әрі мәтін бойынша – Шарт) жасасты:

1. Жалпы ережелер

1.1. Несие беруші Қарыз алушыға мына мекенжай бойынша орналасқан: Риддер қ., Радужное кольцо, Брусникина көшесі, 120-үй, 10-офис 110 м² үй-жайды (бұдан әрі мәтін бойынша – Үй-жай) өтеусіз пайдалануға ұсынады.

1.2. Үй-жай Қарыз алушыға офис ретінде пайдалануға беріледі.

2. Үй-жайды өтеусіз пайдалануға беру тәртібі

- 2.1. Үй-жайды қабылдау-тапсыруды Тараптардың өкілдерінен тұратын екіжақты комиссия жүзеге асырады.
- 2.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап үш күн ішінде Несие беруші Үй-жайды Қарыз алушыға дайындауға және тапсыруға міндетті. Тапсыру қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді.
- 2.3. Үй-жай қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған сәттен бастап, өтеусіз пайдалануға берілді деп саналады.

3. Шарттың қолданылу мерзімі, оны өзгерту және бұзу тәртібі

- 3.1. Өтеусіз пайдалану мерзімі 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленеді.
- 3.2. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін және оның барлық шарттары орындалғаннан кейін, Қарыз алушының Шартты ұзартуға басым құқығы бар.
- 3.3. Өтеусіз пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын Қарыз алушы Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы Несие берушіге хабарлауға тиіс.
- 3.4. Шарттың талаптарын өзгертуге, оның бұзуға және тоқтатуға Тараптардың келісімі бойынша жол беріледі.
- 3.5. Шарт форс-мажорлық (еңсерілмейтін) жағдайларға байланысты бұзылуы мүмкін.
- 3.6. Осы Шарттан туындайтын дауларды Тараптар келіссөз арқылы шешеді.

4. Басқа талаптар

- 4.1. Егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей оны бұзу ниеті туралы мәлімдемесе, онда Шарт бірнеше рет шектелмей, автоматты түрде келесі 1 (бір) жылға ұзартылады.
- 4.2. Тараптар арасында туындайтын даулар келіссөз арқылы шешілуге тиіс. Егер Тараптар дауды келіссөз арқылы шеше алмаған болса, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.
- 4.3. Осы Шартта көрсетілмеген басқа қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасында реттеледі.
- 4.4. Осы Шарт екі түпнұсқа данада жасалды, әр Тарап үшін бір-бірден.

Кейістің сұрағы: Несие шартын жасаған кезде қандай бұзушылықтарға жол берілді?

№ 12 тапсырманың жауабы («Шығындарды өтей отырып, қызметтік сапарлар үшін көлік құралын пайдалануға шарт жасаймыз» кейсі)

Шығындарды өтей отырып, қызметтік сапарлар үшін көлік құралын пайдалануға шарт жасаған кезде іс жүргізудің келесі бұзушылықтарына жол берілді:

- 1) көлік құралының техникалық сипаттамалары көрсетілмеген: автокөлік маркасы, шығарылған жылы, тіркеу нөмірі, қозғалтқыш нөмірі, түсі.
- 2) Жұмыс берушінің құқықтары мен Жұмыскердің міндеттері көрсетілмеген;
- 3) тараптардың деректемелері мен қолтаңбалары жоқ.

Жауаптарыңызды «Кәсіби шеберлік мектебі» (№ 1) белгісімен мына мекенжайға: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 1656/72г, Радостовец көшесінің қиылысы, 712 кеңсе немесе shkola@mcfr.kz электрондық поштаға жолдаңыздар, міндетті түрде тегіңізді, атыңызды, әкеңіздің атын, лауазымыңызды, жұмыс орныңызды және толық пошталық мекенжайыңызды көрсетіңіз.

Жүлделі ойынға журналдың кез келген нөміріне жауап беріп, қатыса алатындарыңызды ұмытпаңыздар.

«Кәсіби шеберлік мектебі – 2020» байқауының қорытындысы

«Қазақстандағы іс қағаздарын жүргізу» журналының «Кәсіби шеберлік мектебі» айдарындағы оқырмандар арасында өткізілген байқаудың барлық қатысушыларын құттықтаймыз!

2020 жылдың жеңімпазы:

Зейбольд Ирина Адольфовна, «Богатырь Security» ЖШС, кадр бөлімінің бастығы, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы

Журнал редакциясы байқауға қатысқан барлық оқырмандарға алғысын білдіреді.

*2021 жылы біздің байқауымыз жалғасын табады.
Оған барлық ниет білдірушілер қатыса алады.*

Жеңімпаздар жүлделермен марапатталады!



А. Верещагина,
психология ғылымының докторы, РХШ және МҚА Батыс филиалының
доценті, практик психолог, Калининград қ.



Ұят бізді қалай басқарады



Өмірде қатты ұялатын кездер болады, тіпті сондай кезде ішіңде бір түйін пайда болады. Сезімнің күшті болғаны соншалық, шындықпен келісуге батылымыз жетпейді. Көңілін қалдырып, жүрегін ауыртқан адамдардан кешірім сұрап, қателіктерімізді мойындаудың орнына, біз жасырынамыз. Жәбірленушінің позициясын аламыз. Басқаларды кінәлаймыз. Бірақ өзімізді ақтап, ұятты басуға тырысқанда не болады? Мақалада талдайық.



Ұялу сезімі уайымның бір бөлігі ретінде

Психологтар эмоцияны келесідей анықтайды: бұл біздің іс-әрекетімізді ынталандыратын, бағыттай алатын, ұйымдастыра алатын уайым. Эмоциялар көптеген функцияларды орындайды: **сигналды**, өйткені эмоциялар мимика арқылы көрінеді; **танымдық** – жағдайды түсіну; **бейімделу** – берілген жағдайларда өзін-өзі ұстаудың дұрыс стратегиясын таңдау.

Ұялу эмоциясы уайымның бөлігі ретінде қарастырылуы керек: тәкаппарлық, абыржушылық, кінә сезімдері. Кінәлі болу сезіміне қарағанда, ұялу басқаларға айқын көрінеді: адамдардың беті қызарады, адам көзін төмен түсіреді, жасырған тәрізді, ол жағымсыз жағдайдан құтылғысы келгендей адамға қарамайды. Психологтар ұяттың ең

маңызды әлеуметтік шартын – жақындықтың болмауын атап көрсетеді. Бұл сезім айналадағылар бақылап, адамның «ұятты болғанының» куәгері болған кезде пайда болады.

Бұл уайым біз үшін көптеген қауіп тудырады. Ұятты әлеуметтік байланысты үзу қауіпіне реакция деп сипаттауға болады. Бір сәтте адам өзін маңызды емес, жаман, пайдасыз сезіне бастайды. Мұндай адаммен кім жақындағысы келеді? Бұл қауіп уайымды одан әрі күшейтеді. Ұяттан тасқа айналатын сияқтысың, жерге кіріп кеткің келеді.

Ұят айналады қалыптастырады

Ұяттың мәні неде? Бұл әлеуметтік эмоция. Ол бізге туылғаннан берілмеген. Ол қоршаған ортаның әсерінен қалыптасады. Кішкентай балалар жалаңаш жүгіруден ұялмайды. Бұл уайым сана қалыптаса бастаған кезде, сәл кейінірек пайда болады. Баланы бағындыру қаншалықты оңай және тиімді? Ұялту! Бала «өз адамдарының» тізімінен шығарылу қауіпін сезінеді. Анасы ренжіді, бұл ең қорқыныштысы. Яғни, ұятты дәл сол адамды мәдени және әлеуметтік нормаларды сақтауға мәжбүрлеу үшін қалыптастырады. Сонымен қатар, адам ұятты өзі емес, қоғам өзі ұят деп санайтындықтан ғана сезінуі мүмкін. Оның үстіне сенің ұят туралы ойларың көпшіліктің идеяларымен сәйкес келмейтіндігін түсіну адамды одан сайын азаптайды.

Ұят **дегеніміз** – бұл менің өзім туралы (менің мінсіз идеалым) ойым мен нақты жағдайда болғанымның сәйкес келмеуі деп айтуға болады. Бұл менің қандай болуым керектігін көрсететін сезім. Біздің әрқайсымыздың өзіміз туралы қалыптасқан ойымыз бар: қасиеттеріміз, артықшылықтарымыз бен кемшіліктеріміз, өзгелер үшін және өзім үшін қандай болуым керек екендігі туралы тілектеріміз бен үміттеріміз. Осы ойларымыздың барлығы МЕН-тұжырымдамасын құрайды. Бұл адам үшін өте маңызды жеке тұлғаның негізі, өзегі. МЕН-тұжырымдамасымен келіспеушілік ұят болып көрінеді.

Ұяттың уайымы өзін-өзі бағалаумен байланысты: өзін-өзі бағалау неғұрлым төмен болса, адам ұялуды соғұрлым өткір сезінеді. Бұл өзін-өзі бағалауы жоғары адамдар оны сезінбейді дегенді білдірмейді. Олар әртүрлі әрекет етеді. Олар өздерін басқаша ұстайды. Мінез-құлық аясы өте кең: адамдардың көзіне көрінгісі келмейтін жағдайдан, күйзеліс пен кейбір жағдайларда өзін өлтіру туралы ойларға дейін.

Басқару және манипуляция қаруы

Сонымен, ұяттың біздің мінез-құлқымызды басқаруға көмектесетінін білдік. Бұл эмоция қарым-қатынаста бейімделу қызметін атқарады. Адамдар осы эмоцияны қоздыру арқылы бір-бірін басқара алады. Адамды ұялту арқылы, оған баға беру арқылы оның орынсыз қылықтарын көрсетеміз.



ОҚЫРМАН САУАЛЫ

Штаттық кестені қалай жасау керек ?

Қазір инспекторлар тексеру кезінде талап ететін алғашқы құжаттардың қатарына штат кестесі кіреді. Инспектордың ескертулеріне жол бермеу және жұмыскерлермен дауласпау үшін құжатты қалай дұрыс ресімдеу керек, жаңа ұсынымнан білесіз. Ұйымда штат кестесінің болуы қажет пе, оны құрғанда нені ескеру керек, штат кестесі қалай бекітіледі, және оны кім бекітеді, құжатқа өзгертулер енгізу мүмкін бе, айтып береміз.



**ТОЛЫҚ
ЖАУАПТЫ
ЖАҢА
ЭЛЕКТРОНДЫҚ
ЖҮЙЕСІНЕН
ҚАРАҢЫЗ**

ACTUALIS:
КАДРОВОЕ ДЕЛО
www.vip-kadry.mcfr.kz



Ұят әлеуметтенуді мәжбүр етуі мүмкін деп айта аламыз, өйткені ол адамды қоғам мен оның айналасындағы адамдардың мінез-құлқын басшылыққа алуға мәжбүр етеді. Ұялған кезде айналамыздағы адамдардың пікіріне тәуелді болып қаламыз. Біз өзімізге басқа біреудің көзімен қарайтын сияқтымыз, және бұл тәуелділік, біреудің пікіріне деген сезімталдық бізді осал етеді.

Адамда осы эмоцияны қалыптастыру қоғам үшін неге маңызды? Себебі ұяттың көмегімен біз басқа адамдардың мүдделері неде екенін, қоршаған адамдар не сезінетінін және нені қалайтынын түсінеміз және жүзеге асырамыз. Ұят эмоционалды байланысты күшейтеді. Ұят жоқ қоғам өміршең емес деп айта аламыз.

Адам – бұл әлеуметтік жануар, ол тек басқа адамдармен ынтымақтастықта өмір сүре алады. Ол үшін өмірде адам басқаларды тыңдай білуі керек, тек өзінің ғана емес, қоғамның да мүдделерін ескеруі керек. Оның үстіне көп жағдайда жеке тұлғаның мүддесінен гөрі қоғамның мүдделері жоғары тұрады. Индивидуализм идеясы жалпы қоғам үшін жойқын болып табылады – әлеуметтік байланыстар бұзылады. Ұят әлеуметтік ынтымақтастықты жүзеге асырады, бұл адамға өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді.

Ұят адамдарды қорқынышты істерден сақтайды. Кінәнің өкініші бар. Ұяттан шығатын жол жоқ. Ұят ар-ұждан жұмысын бастайды. Ұят адамның басқа эмоцияларын реттейді: мысалы, таңдану, сүйіспеншілік, ашулану дәрежесін. Адам әрдайым өзінің беделін сақтап қалуды ойлайды. Сондықтан ұятты сезіну қаупі өзімізді жинақтап, өз сезімдерімізге емес, жағдай талап еткендей ұстауға мәжбүр етеді. Бұл сезім билігімізді қолдануға мүмкіндік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар қазіргі қоғамдағы өзіндік «ұятсыз тіректерге» айналды. Ал бұрынғы кездегі «Ұят тақталары» ше, «Мыналар ұжымымызды масқаралады» деген ұранмен кінәлі адамдардың суреттерін іліп, ұят сезімін тудыруға және кез келген адамды «өзін дұрыс ұстауға» – қызметінен кетуге, байланыстарды үзуге, жұмыс істеуге, өзін дұрыс ұстауға және т. с. с. мәжбүр еткен. Осы тәжірибені бүкіл әлеуметтік топтар мен қабаттар арасында құру қабілеті бақылау мен манипуляцияның қуатты қаруы болып табылады.

Ұят – адамның азғындыққа баруына жол бермейтін күшті шектеу. Жетілген адам мұндай тәжірибенің өзектілігін талдай алады. Мұндай талдау біреу сіздің мінез-құлқыңызды басқаруға тырысқанда, ұятқа қалмауға мүмкіндік береді. Барлық баға беретін пікірлер адамды өзгертуге мәжбүр етпеуі керек.

А. Верещагина,
психология ғылымының докторы, РХШ және МҚА Батыс филиалының
доценті, практик психолог, Калининград қ.



Тест: Өзіңізге көңіліңіз тола ма?



Әдетте, біреуден өзіңізге көңіліңіз тола ма деп сұрасаңыз, көп жағдайда оң жауап аласыз деп есептейді. Өйткені өзіңе деген сүйіспеншілік – бұл табысты және салауатты өмірдің кепілі. Өкінішке орай, іс жүзінде көп адамдардың өзіне көңілі толмайды, олар өздерін жеткілікті деңгейде емес деп санайды. Өзіңіздің жағдайыңызды тексергіңіз келе ме? Тесттен өтіп көріңіз, мүмкін сізді тосын сый күтіп тұрған шығар, ал оның жағымды немесе жағымсыз болуы толығымен сіздің жауаптарыңызға байланысты.



1. **Қызығушылығыңыз бар ма?**
Иә – 10
Жоқ – 2
2. **Сізге біреулер қызғаныш білдіргенде, қуанасыз ба?**
Иә – 6
Жоқ – 10
3. **Біреу бір істі сізден жақсырақ жасап жатса, қиналасыз ба?**
Иә – 2
Жоқ – 13

4. Көпшіліктің алдында сөз сөйлегенді ұнатасыз ба?
Иә – 10
Жоқ – 3
5. Таныстарыңыздың басынан сізбен болған жағымсыз оқиғалар болып жатса, қуанасыз ба?
Иә – 2
Жоқ – 12
6. Таныстарыңыз немесе туыстарыңыз қымбат заттар сатып алса, тұншығып кетесіз бе?
Иә – 1
Жоқ – 12
7. Сіз өміріңізде лотерея немесе белгілі бір ойында ақша ұтып көрдіңіз бе?
Иә – 6
Жоқ – 1
8. Біреу сізді ұсқынсыз, зеріктіретін адам деп санаса, намысыңызға тиеді ме?
Иә – 3
Жоқ – 12
9. Егер жұмысыңыз өнбей жатса, *«Осы менің ғана жолым болмай қойды»* деп назданасыз ба?
Иә – 3
Жоқ – 10
10. Қайта туылып, өмірді қайта бастағыңыз келеді ме?
Иә – 3
Жоқ – 13
11. Екінші өміріңізде де қазіргі «өмірлік серігіңізді» таңдар едіңіз бе?
Иә – 2
Жоқ – 10

Тесттің нәтижесі.

Барлығы 95-тен жоғары ұпай жинай алдыңыз ба? Бұл сіз өзіңізге көңіліңіз әбден толатынын білдіруі мүмкін. Алайда, өзіңізді сынға алмаудан, өзіңізге объективті көзқарастың болмауынан зардап шекпейсіз бе? Ойланыңыз. Бұл туралы жақын достарыңыз бен отбасыңыздан сұрауға тырысыңыз.

Егер сіздің ұпайларыңыздың қосындысы 50 мен 95 аралығында болса – сіз өзіңізге шектен шықпай қанағаттанасыз. Бірақ сізді өте сенімді

немесе өзін ғана жақсы көретін адамдар қатарына жатқызуға болмайды, сол себептен сізді құттықтамау мүмкін емес!

Егер сіз 50 ұпайдан төмен жинасаңыз, бұл өзіңізді онша ұнатпайтыныңызды куәландыруы мүмкін. Өзіңізді қолға алып, сенімділігіңізді арттыруға тырысыңыз. Ойланыңызшы, мүмкін сіз өзіңізді бағаламай жүрген шығарсыз.


Құрметті оқырмандар, сіздерден «Кәсіби серпту сәті» айдарының тақырыптарын жинақтауға тікелей атсалысуларыңызды сұраймыз. Идеяларыңыз бен тілектеріңізді мына мекенжай бойынша жібере аласыздар: 050009, Алматы қ., Шевченко көш., 1656/72г, Радостовец көш. қиыл., 712-кеңсе, немесе электрондық пошта бойынша: kadry.otk2@mcfk.kz, head.kadry@mcfk.kz, міндетті түрде айдарды көрсету қажет.



Арнайы
жағдайларда
жазылуға
үлгеріңіз

«ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

«ACTUALIS: КАДРЛЫҚ ІС» ЭЖ – бұл нарықта теңдесі жоқ, күн сайын жаңартылатын, көпфункционалы анықтамалық-сараптамалық жүйе, кадр қызметінің қызметкерлеріне, еңбекті қорғау жөніндегі мамандарға, іс қағаздарын жүргізушілерге кешенді ақпараттық-құқықтық көмек көрсетуге арналған, оған қолжетімділік Интернет арқылы тәулігіне 24 сағат бойы онлайн-режимінде жүзеге асырылады.



Жазылуды:

8 (727) **323-62-12/13/29** (ішкі 137) телефоны
немесе e-mail: callcentr@mcfk.kz
бойынша ресімдеуге болады

ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЖ-ндегі барлық ақпарат екі: мемлекеттік және орыс тілде берілген.

«ACTUALIS: Кадрлық іс» ЭЖ – БҮЛ:

- кез келген кадрлық құжаттаманы дайындау кезіндегі ақпаратшы және көмекші;
- сарапшылардың әртүрлі жағдайлар бойынша түсіндірмелері;
- кадрлық қызметті ұйымдастыруға арналған қажетті құжаттардың үлгілері мен мысалдары;
- тұрақты жаңартылатын нормативтік база;
- қойылған сұрақтарға осы саладағы сарапшылардан өз уақытында жауап алу мүмкіндігі.

Сұрақтар жауап беретін: Н. Маликова,
«ACTUALIS: Кадрлық іс» электрондық жүйесінің сарапшысы,
«FactorOfTime» ЖШС заң департаментінің директоры,
Алматы қ.



Бас директормен еңбек қатынастары: шартты қалай ұзарту немесе жұмыстан қалай босату керек?



Бас директордың еңбек шартының мерзімі аяқталды. Оны қайта жасасу керек пе әлде оны ұзарту туралы қосымша келісім жасау керек пе? Бұйрық шығару керек пе?

Еңбек шартының мерзімі өткен кезде тараптар оны белгіленбеген немесе бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге ұзартуға құқылы (ҚР ЕК 30-бабының 1-тармағы 2) тармақшасының бірінші және екінші бөліктері).

Егер еңбек шартының қолданылу мерзімі өткен жағдайда тараптардың ешқайсысы соңғы жұмыс күні (ауысым) ішінде еңбек қатынастарын тоқтату туралы жазбаша хабардар етпесе, ҚР ЕК 51-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ол бұрын жасалған дәл сол мерзімге ұзартылған деп есептеледі.

Белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шарты **көп дегенде екі ретке ұзартылуы мүмкін.**

Еңбек қатынастары жалғастырылған кезде еңбек шарты белгіленбеген мерзімге жасалған деп есептеледі.

Осылайша, жаңа еңбек шартын жасасудың қажеті жоқ, ал Еңбек кодексінде еңбек шартын ұзарту кезінде қосымша келісім жасау талабы жоқ. Алайда, біз қосымша шарт жасасуды орынды деп санаймыз, онда еңбек шартының жаңа мерзімін көрсету қажет болады.

Еңбек шартының мерзімін ұзарту кезінде бұйрық шығарудың қажеті жоқ.



ЖШС-нің барлық қызметкерлері өз еріктерімен жұмыстан кетті, тек бас директор қалды. Егер бас директор ЖШС-нің жалғыз қатысушысы болса, оны қалай жұмыстан шығаруға болады? ЖШС қызметін тоқтата тұру туралы өтініш қабылданбады. Мұндай жағдайда дұрыс және заңды әрекет ету әдісі қандай?

